

Әділетті Қазақстан

Біз отанышыл және мемлекетшіл болуымыз керек... Ең басты байлығымыз – туған еліміз. Сондықтан мемлекет мүддесі қашанда барлығынан биік тұрады.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ



ТҮРКСІБ: ТЫҢ СЕРПІН

5

TÜRKSOY-30



«ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ БІРЛІГІ»

6

ТАРИХИ ТАНЫМ



РУХАНИ АСТАНА

7

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

10.06.2023

Түнде:



+21+23 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+32+34 °C
Көшпелі бұлтты,
өткінші жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

11.06.2023

Түнде:



+20+22 °C
Көшпелі бұлтты,
өткінші жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+26+28 °C
Көшпелі бұлтты,
өткінші жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №71 (6364) 10 маусым, сенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ПРЕЗИДЕНТ

ДИАЛОГ АЛАҢЫ

Адамзат үшін ортақ болашақты қалыптастыру үшін тұрақты,
әділ әрі өркендеген әлем құру маңызды



Бұл аптаның маңызды оқиғасы – екі күн бойы елорда төрінде өткен Астана халықаралық форумы да аяқталды. Бүкіл әлем назарын тіккен шарада күллі жаһандық түйткілді түйіндерді диалог арқылы шешу мақсатында әрі күрделі үрдістерді талқылау үшін дүние жүзінің көптеген елдері мен халықаралық ұйымдарының өкілдері Қазақ елінің астанасында бас қосты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен биыл алғаш рет ұйымдастырылған Астана халықаралық форумында «Диалог арқылы сын-қатерлерді еңсеру: ынтымақтастық, даму және прогресс жолында» тақырыбы аясындағы бағдарлар талқыға түсті. Ел Президенті алқалы жиынның Пленарлық сессиясында сөз сөйледі.

2

ӘКІМ

БАҚЫЛАУ КҮШЕЙІП, ЖҰМЫС САПАСЫ АРТАДЫ

Шаһар басшысы Ерболат Досаев
бірқатар аудандарды аралады



Алматы әкімдігі Түрксіб ауданының аумағында сумен жабдық-
тау желілерінің құрылысы мен абаттандыруды сапасыз жүргіз-
ген мердігерлерді сотқа берді.

3

ҚЫСҚА...

- Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ делегациясын қабылдады.
- Президент Абай облысындағы алапат өртке байланысты шұғыл тапсырма берді.
- Мемлекет басшысы Total Energies компаниясының президентін қабылдады.
- Президент Sun Seven Stars Investment Group компаниясының Бас директорын қабылдады.
- Сенаторлар атом өнеркәсібінің даму келешегін талқылады.
- Премьер-Министр Еуразиялық үкіметаралық кеңес отырысына қатысты.
- Үкіметте Абай облысындағы табиғи өртке қатысты ахуал қаралды.
- Тәжікстанда Халықаралық Аралды құтқару қорының отырысы өтті.
- Қазақстанда 1 шілдеден бастап темекі бағасы қымбаттайды.
- Air Astanaға билет бағасын негізсіз қымбаттатқаны үшін айыппұл салынды.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



АСТАНА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМЫ

(Басы 1-бетте)

• «Дөңгелек үстел» форматында өткен пленарлық сессияда жоғары мәртебелі делегаттар әлемдік экономикадағы, сауда және саясаттағы жаһандық үдерістерді талқылады. Сондай-ақ, климаттың өзгеруі, азық-түлік тапшылығы және энергетикалық қауіпсіздік секілді түйткілдердің шешу жолдарын егжей-тегжейлі қарастырды. БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гуттериш форум қатысушыларына видеоүндеу жолдады. Мемлекет басшысы өз сөзінде жаһандық экономиканың қазіргі жай-күйі мен өңірлік ынтымақтастық мәселелері жөнінде пікір алмасу үшін аталған форумның маңызы зор екенін атап өтті.

ДИАЛОГ АЛАҢЫ

Адамзат үшін ортақ болашақты қалыптастыру үшін тұрақты, әділ әрі өркендеген әлем құру маңызды



БЕС НЕГІЗГІ МИССИЯ

Мемлекет басшысы бұрын-соңды болмаған геосаяси шиеленіс пен қазіргі заман өркениетінің сын-қатерлеріне назар аударып, Астана халықаралық форумы миссиясының бес негізгі міндетіне тоқталды.

«Астана халықаралық форумы – бұл диалог алаңы. Оның негізгі миссиясы мынадай: Бірінші, әлемдегі жағдайды ашық талқылау; Екінші, алдымызда тұрған негізгі сын-қатерлер мен дағдарысты айқындау; Үшінші, осы сын-қатерлерге өзара ынтымақтастық рухында диалог арқылы қарсы тұру; Төртінші, көпжақты қатынастардың ортақ мәдениетін жаңарту және қалпына келтіру; Бесінші, бейбітшілікті, прогресс пен ынтымақты жақтайтын дауыстарды күшейту. Бұрын-соңды болмаған геосаяси шиеленіс кезеңінде бізге мұндай қарым-қатынастар өте қажет. Сын-қатерлерге төтеп беру маңызды. Осы ретте жаһандық жүйе бейбітшілік пен өркендеуді таңдаулары үшін емес, көпшілік үшін қамтамасыз ете отырып жұмыс істеуге тиіс» – деді Президент.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Біріккен Ұлттар Ұйымы бірден-бір жаһандық әмбебап ұйым болып қала беретінін әрі бұл ұйым барша адамзат баласының мүддесі мен шынайы мұқтаждықтарына қызмет ететінін айрықша атап өтті. Қазақстан бұрыннан Шығыс пен Батыстың, Солтүстік пен Оңтүстіктің арасындағы алтын көпір саналады. Қасым-Жомарт Тоқаев аймақтағы экологиялық апаттың алдын алу үшін Халықаралық Аралды қорғау қорын қолдауға көбірек қаржы бөлуге шақырды. «Су мен климаттың өзгеру мәселесі өзара тығыз байланысты. Орталық Азия – су қауіпсіздігін сақтау тығыз әріптестік және бірлескен тиімді шараларды жүзеге асыру арқылы ғана шешілетін аймақ. Аймақтағы климат және өзге де мәселелерді талқылау үшін мен Алматыда Орталық Азия елдерінің жобалық кеңсесін құруды және БҰҰ секілді халықаралық ұйымдарды тарта отырып, 2026 жылы Қазақстанда Аймақтық климаттық саммит өткізуді ұсынамын», – деді Президент.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ВАЛЮТА ҚОРЫ: ТАБЫСТЫ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ



Мемлекет басшысы Халықаралық валюта қорының басқарушы директоры Кристилина Георгиеваны қабылдады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Кристилина Георгиеваға ілтипат білдіре отырып, Халықаралық валюта қорымен 30 жыл бойы жалғасып келе жатқан табысты ынтымақтастыққа көңілі толатынын жеткізді. Кездесу барысында Халықаралық валюта қорының Қазақстанға қатысты жоспарлары жөнінде мәлімет берілді. Мемлекет басшысы Алматы қаласында Әлеуетті дамыту жөніндегі өңірлік орталық ашу туралы Қордың бастамасын қолдайтынын атап өтіп, оның Қазақстан мен Орталық Азиядағы қаржы жүйесінің тұрақтылығына зор үлес қосатынына сенім білдірді.

ШЕТЕЛДІК ИНВЕТОРЛАР КЕҢЕСІ: ҰНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

Елордада Шетелдік инвесторлар кеңесінің 35-ші пленарлық отырысы өтті. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев бұрнағы күні осы алқалы басқосуға қатысу үшін

Қазақстанға келген Еуропалық қайта құру және даму банкінің президенті Одиль Рено-Бассомен жүздесті.

Кездесу барысында елімізде энергетика, көлік-транзиттік тасымал, «жасыл» экономика, ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік салаларындағы бірқатар инвестициялық жобаны іске асыру перспективалары талқыланды.

Кездесуде олар Еуропалық қайта құру және даму банкінің Қазақстандағы қызметінің перспективалары мен алдағы ынтымақтастықтың басым бағыттары жөнінде пікір алмасты.

Дәл сол күні Шетелдік инвесторлар кеңесінің 35-ші пленарлық отырысына қатысқан Президент биыл Шетелдік инвесторлар кеңесінің құрылғанына 25 жыл толғанын атап өтті.

Күн тәртібінде талқыланған мәселе – экономиканың цифрлық трансформациясы. Президент геосаяси шиеленіс пен протекционизмнің қарқын алуы әлемдік экономиканы өзгеріске ұшыратып жатқанын атап өтіп, кез келген дағдарыс жаңа мүмкіндіктерге жол ашатынына назар аударды. «Таяуда әлемдегі 62 ел Орталық Азияның орнықты дамуы үшін Қазақстанда Біріккен Ұлттар Ұйымының цифрлық шешімдер орталығын құру туралы бастамасын бірауыздан қолдады. Мұны бізге артылған зор сенім және Қазақстанның әлемдік аренада шығудағы маңызды кезеңі ретінде қабылдаймыз», – деді Мемлекет басшысы. Ол Цифрлық интеллект индексіне (Digital IQ) сәйкес, Қазақстан цифрландыру қарқыны бойынша 20-орында екенін және цифрлық ортаны дамыту тұрғысынан перспективті елдердің қатарына кіретінін айтты.

Мемлекет басшысы Шетелдік инвесторлар кеңесінің отырысынан кейін оған қатысқан халықаралық қаржы институттарының және ірі компаниялардың басшылары – Epi S.p.A компаниясының бас атқарушы директоры Клаудио Дескальцимен, Азия даму банкінің президенті Масатсугу Асакавамен, Дүниежүзілік банктің вице-президенті Антонелла Бассанмен, Citigroup компаниясының Еуропа, Таяу Шығыс және Африка бойынша бас атқарушы директоры Дэвид Ливингстонмен, Polpharma SA компаниясы бақылаушылар кеңесінің төрағасы Ежи Старакпен де кездесу өткізді. Ал кеше Босния және Герцеговина Президиумының Төрағасы Желька Цвијановичпен кездесті. Белгілі америкалық экономист, Нью-Йорк университетінің профессоры, Roubini Macro Associates консалтинг компаниясының директоры Нуриэль Рубиниді қабылдап, жаһандық қаржы нарығындағы негізгі үрдістерді талқылады. Өзара сенімге негізделген барлық келіссөздер сындарлы және мазмұнды сипатта өтіп, ынтымақтастықты жандандыру бойынша маңызды уағдаластықтарға қол жеткізілді.

ОРНЫҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ: ӨНІРЛІК ОРТАЛЫҚ ҚҰРУ МАҢЫЗДЫ

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елімізге келген БҰҰ делегациясын қабылдады.

Президент БҰҰ Бас хатшысының орынбасары – БҰҰ Азия және Тынық мұхиты үшін экономикалық және әлеуметтік комиссиясының Атқарушы хатшысы Армида Алисджанбанмен, Бас хатшының саяси мәселелер жөніндегі көмекшісі Мирослав Енчичмен және БҰҰ Бас хатшысының көмекшісі – БҰҰ Даму бағдарламасы әкімшісінің көмекшісі Ивана Живковичпен кездесу өткізді.

Кездесуге қатысушылар Қазақстан мен БҰҰ институттары арасындағы көпжақты ынтымақтастықты дамыту перспективаларын талқылады, сондай-ақ халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты. Президент Астана халықаралық форумына белсенді қатысқаны үшін дипломаттарға ризашылығын білдіріп, олардың БҰҰ аясындағы ұсыныстары форум жұмысының мазмұнын байытуға үлес қосқанын айтты. Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесін жан-жақты реформа жүргізу қажеттігіне және

осы органның өкілдігін кеңейтудің маңыздылығына тоқталды. Осы әмбебап ұйымның рөлін нығайту мақсатында Қазақстан БҰҰ-мен күш біріктіруге ниетті екенін растады. Қазақстанда БҰҰ-ның 20-дан астам бөлімшесі табысты жұмыс істеп жатыр. Осы ретте Алматы қаласында Орталық Азия мен Ауғанстан үшін Орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталық құрудың маңызы зор болмақ.



Еурокомиссар Януш ВОЙЧЕХОВСКИЙ:

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ МЕЙІРІМДІЛІК ТАНЫТТЫ

Мемлекет басшысы Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі Еурокомиссар Януш Войчеховскиймен кездесті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Януш Войчеховскийге Астана халықаралық форумына спикер ретінде қатысқаны үшін алғыс айтты. «Біздің елімізбен айрықша байланысыңыз бар екенін біліп, таңқалдым. Қадірлі анаңыз Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары Қазақстанда өмір сүрітті. Сондықтан сіздің сапарыңызға өте қуаныштымыз. Елімізде поляк диаспорасы тұрады. Әрі біздің ортақ мәдени мұрамыз бар. Бенедикт Поляк, Адольф Янушкевич, Густав Зелинский, Александр Затаевич секілді тұлғалар Қазақстанның мәдени дамуына елеулі үлес қосты», – деді Мемлекет басшысы.

Кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның ірі сауда серіктесі саналатын Еуропалық Одақпен ынтымақтастықтың стратегиялық сипатына назар аударды. «Жақында Қырғызстанда «Орталық Азия – Еуропалық Одақ» жана форматында кездесу өткіздік. Бұған дейін Астанада бірінші кездесу болған. Сондықтан тығыз қарым-қатынас жасау жөніндегі ниетіміз бен ұжымдылығымызды көрсету үшін жоғары деңгейдегі осындай кездесулерді өткізіп тұру керек. Биыл жыл басында Еуропалық Одақпен дипломатиялық қарым-қатынас орнатқанымызға 30 жыл толды. Еуропалық Одақпен өзара байланысымызға нығайтуға мол мүмкіндік бар», – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Еурокомиссарға Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформалар, сондай-ақ демократияны дамытуға, адам құқықтарын қорғауға және қоғамда заң үстемдігін орнатуға септігін тигізетін өзгерістер туралы айтты. Қазақстанның Еуропалық Одақпен ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастықты кеңейту үшін зор әлеуеті бар екеніне тоқталды. Президент тұжырымдағандай, еліміз дәнді және майлы дақылдарды, сондай-ақ жоғары сапалы органикалық өнімдердің экспортын арттыруға дайын.

Өз кезегінде Януш Войчеховский құрмет көрсеткені үшін Президентке ризашылығын білдірді. «Менің Қазақстанмен ерекше байланысым туралы айттыңыз. Иә, анам Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Қазақстанда алты жыл өмір сүрді. Анам сол қиын-қыстау шақта қазақ халқы оларға мейірімділік танытқанын үнемі айтып отыратын. Сондықтан менің Қазақстанға деген көңілім ерекше. Сізді Астана халықаралық форумын табысты өткізуіңізбен құттықтаймын. Сіздің сөйлеген сөзіңізді айрықша ықыласпен тыңдадым. Дұрыс айтасыз, бізге сын-қатерлерді анықтап, түйткілдерді шешу үшін ортақ диалог қажет. Жаһандық деңгейдегі қазіргі күрделі мәселенің бірі – азық-түлік қауіпсіздігі», – деді Еурокомиссар.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз akorda.kz).



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ВАЛЮТА ҚОРЫ: өңірлік орталық ашылды



Алматыда Кавказ, Орталық Азия мен Моңғолияны дамыту жөніндегі Халықаралық валюта қорының (ХВҚ) өңірлік орталығы құрылды. ХВҚ өңірлік орталықты Қазақстанда орналастыру туралы шешімді 2019 жылдың қазан айында Қазақстаннан, Өзбекстан мен Грузиядан түскен өтінімдерді қарағаннан кейін қабылдады. Алматыдағы кеңсе – өңірдегі адами әлеуетті дамыту жөніндегі Халықаралық валюта қорының шотындағы 17-ші орталық.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың ХВҚ өңірлік орталығының ресми ашылу салтанатында сөйлеген сөзі:

– Құрметті қонақтар! Баршанызды Алматыда ХВҚ әлеуетін дамытудың өңірлік орталығының ашылу салтанатында қарсы алғаныма қуаныштымын. Бұл – біздің қаламыздың өзге елдермен қарым-қатынасын, экономикалық ынтымақтастығын білдіретін маңызды оқиға.

ХВҚ мен Қазақстан Ұлттық банкінің бірлескен күш-жігері

өңірлік орталықты ойдағыдай құрып, Кавказ, Орталық Азия мен Моңғолия өңірінің әлеуетін дамыту жолында үлесімізді қосуға мүмкіндік береді. Бұл үдеріс 2020 жылдың желтоқсанында пандемия жағдайында, тиісті келісім-хатқа қол қойылған кезде басталды. Маған динамикалық және прогрессивті көзқарасымыздың дәлелі болып табылатын осы орталықты құруға белсенді түрде үлес қосу мүмкіндігі берілді.

Бүгін өңірлік орталықтың ашылуы оған қатысушы елдер арасындағы әлеуетті дамыту мен білім алмасуға ықпал ететін,

сондай-ақ өңірдегі орнықты экономикалық өсу мен қаржылық тұрақтылыққа ықпал ететін өңірлік ынтымақтастық жөніндегі біздің күш-жігеріміздегі маңызды кезеңі болады. Алматыда өмір сүру сапасын жақсарту әрі дамыту үшін нақты белгіленген стратегия бар. Өзінің жайлы орналасуымен, дамыған инфрақұрылымы мен бизнеске қолайлы ортасымен біздің қала сауда, инвестиция мен ынтымақтастық үшін көптеген мүмкіндік ұсынады. Біз Алматының әлеуетін жаңа мүмкіндік ретінде зерттеу үшін Кавказ, Орталық Азия мен Моңғолиядан келген кәсіпорындарды, инвесторлар мен кәсіпкерлерді құптаймыз.

Мен ХВҚ-ға үздіксіз қолдау мен ынтымақтастық үшін алғысымды білдіремін. Біз өңірдегі барлық елдермен ырысты ынтымақтастығымызды жалғастыруға дайынбыз.

Құрметті қонақтар! Сіздерге біздің ару Алматыда уақыттарыңызды жақсы өткізуге тілектеспін! Рахмет!

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

АТАМЕКЕН

ҚАНДАСТАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

Жыл басынан бері елімізге қоныс аударған этникалық қазақтардың 27,8%-ы Алматыға қоныстанған

2023 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 8034 этникалық қазақ тарихи отанымен табысып, қандас мәртебесін алды. Жалпы, 1991 жылдан бері республикаға 1 млн 115,1 мың этникалық қазақ оралды, деп хабарлады ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.



Жыл басынан Қазақстанға қоныс аударған қандастардың жартысы (54,2%) Өзбекстаннан, 20,1% – Қытайдан, 11% – Ресейден, 6,4% – Моңғолиядан, 4,9% – Түркіменстаннан және 3,3% басқа елдерден келгендер. Елімізге келген этникалық қазақтар негізінен Алматы (27,8%), Маңғыстау (12,8%), Түркістан (6,4%) және Жамбыл (4,8%) облыстарына, сондай-ақ Астана (10,7%), Алматы (8,8%) және Шымкент (7,1%) қалаларына қоныстанған. Осы жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша еңбекке қабілетті жастағы этникалық қоныс аударушылар саны 67,5%-ды, еңбекке қабілетті жастағы кішілер 23,8%-ды және зейнеткерлер 8,7%-ды құрайды. Еңбекке қабілетті жастағы қандастардың ішінен білім деңгейі бойынша 17,3%-ы жоғары білімді, 37%-ы орта кәсіби білімді, 38,4%-ы жалпы орта білімді және 7,3%-ының білімі жоқ.

Айта кетейік, қандастарды қоныстандыру үшін еңбек күші тапшы өңірлер де анықталды. Олар: Ақмола, Абай, Қостанай, Павлодар, Шығыс және Солтүстік Қазақстан облыстары. Қоныстандыру өңірлерінде 2023 жылға арналған қандастарды қабылдау квотасы 1925 адамды құрайды.

2023 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша

қоныстандыру өңірлеріне 787 қандас қоныс аударды. Қандастар ағыны ұлғайған кезде қоныстану аймақтарында қабылдау үшін квота мөлшері ұлғайтылуы мүмкін. Жоғарыда аталған өңірлерде қоныстанған қандастарға көшуге субсидия түрінде мемлекеттік қолдау шаралары ұсынылады – бір мезгілде отағасына және отбасының әрбір мүшесіне 70 АЕК (241,5 мың теңге) мөлшерінде; тұрғын үй жалдауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге – бір жыл ішінде 15-тен 30 АЕК (51,7-ден 103,5 мың теңгеге дейін) мөлшерінде.

Сонымен қатар, ерікті қоныс аударудың тиімділігін арттыру мақсатында азаматтарды солтүстік өңірлерге қоныс аударуға қатысатын жұмыс берушілерді қолдау бойынша институционалдық шаралар қабылданды. Тұрғын үй сатып алу, салу үшін немесе ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша бастапқы жарнаның бір бөлігін жабу үшін экономикалық ұтқырлық сертификаты тұрғын үй құнының 50%-ы немесе бір отбасына 4 млн теңгеге дейін мөлшерінде біржолғы өтеусіз және қайтарымсыз негізде енгізілді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: www.ortcom.kz).

«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

СЕНАТ

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің депутаттары «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ басшылығымен кездесті.

Уран және оның қосылыстары, АЭС-қа арналған ядролық отынды, ұлттық оператордың арнайы жабдықтар мен технологияларды импорттау және экспорттау жөніндегі қызметін одан әрі жетілдіру мәселелері талқылаудың негізгі тақырыбы болды. «Қазатомөнеркәсіп» 2022 жылдың қорытындысы бойынша әлемдегі ең ірі уран өндіруші және қазіргі кезде оның өнімдері дүние жүзіндегі уран өндірісінің шамамен 22%-ын құрап отыр. Ал Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің депутаттары Мәдениет және спорт министрлігінің басшылығымен, сондай-ақ спорт ұйымдарының өкілдерімен және сарапшылармен кездесті. Кездесуде бұқаралық спорт саласының жай-күйі, проблемалары, келешегі және оны құқықтық реттеу мәселелері талқыланды.

МӘЖІЛІС

Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің ұйымдастыруымен «Есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы іс-қимылдың проблемалық мәселелері» тақырыбында «дөңгелек үстел» өтті.

Отырыс «Есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы іс-қимылдың проблемалық мәселелері» заң жобасы аясындағы түзетулерді қамтыды. Биылдың өзінде 40-қа жуық жасырын есірткі зертханасы жойылып, 80 тонна прекурсорлар тәркіленіп, сол арқылы 8 тонна дайын заттар айналымы тоқтатылған. Есірткі құралдарының заңсыз айналымына қарсы күрес саласындағы сот сараптамасының проблемалық мәселелері, Қазақстандағы есірткіні емдеудің қазіргі жағдайы баяндалды. Өзекті мәселелерді талқылау барысында есірткі қылмысымен күресу және нашақорлықтың алдын алу бойынша ұсыныстар қабылданды. Депутаттар «дөңгелек үстелге» қатысушыларды есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес саласындағы заңнамалық базаны жетілдіру бойынша нақты және сындарлы ұсыныстарды бірге жасауға шақырды.

ҮКІМЕТ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов Сочи қаласында (РФ) өткен III Еуразиялық конгрестің пленарлық сессиясында сөз сөйледі.

Ынтымақтастықтың маңызды бағыттарының бірі – көлік инфрақұрылымын дамыту. Осылайша «Солтүстік-Оңтүстік» және «Шығыс-Батыс» көлік дәліздерінің әлеуетін ашу бағытында бірлескен күш-жігерді пайдалану маңызды. «Біздің «Ақтау» және «Құрық» теңіз порттары, «Қорғас» орталығы, сондай-ақ Сиань құрғақ портындағы жоспарланған логистикалық орталық әлемдік нарықтарға қосымша қақпа бола алады. Бұл екі ел арасында қарқынды дамып келе жатқан тауар айналымына, сондай-ақ өсіп келе жатқан транзитке толық сәйкес келеді», – деді Әлихан Смайылов. Оның айтуынша, ынтымақтастықтың тағы бір мысалы – Ресей шекарасынан Қазақстан арқылы Қытайға дейінгі «Бақты–Аягөз» теміржолының құрылысы. Бұл жоба Еуразиялық даму банкінің қаржылық қолдауымен жүзеге асырылуда. Жаңа көлік жолы тауарларды жеткізу қашықтығы мен мерзімін айтарлықтай қысқартады деп күтілуде.

ТҰСАУКЕСЕР

Астана халықаралық форумы аясында өткен панельдік сессияда «THE NEW KAZAKHSTAN: STEERING THE STEPPE AMID A GLOBAL STORM» («Жаңа Қазақстан: жаһандық дауыл кезінде даланы басқару») кітабының тұсаукесері өтті.

Кітап француз экономисі және Бреттон-Вудс жаңарту жөніндегі комитетінің атқарушы директоры Марк Узанның жетекшілігімен жазылған. Жинақтың алғы сөзінің авторы – әлемге әйгілі экономист, Нью-Йорк университетінің профессоры Нуриэль Рубини. Авторлардың айтуынша, кітапты жазуға шамамен 4 жыл уақыт жұмсалды. Әрбір эссені жазу үшін көп жұмыс атқарылды, ресми деректер мен әртүрлі дереккөздер зерттелді. Кітаптың редакторы Марк Узанның сөзінше, Еуразия құрлығының жүрегінде орналасқандықтан Қазақстан шетелдік ғалымдар мен экономистердің зор қызығушылығын оятауда. Нуриэль Рубинидің айтуынша, Еуразия құрлығының жүрегінде орналасқан Қазақстан достық қарым-қатынаста бола отырып, ағымдағы жағдайларда дұрыс және ойластырылған саясат жүргізуде. Кітаптың басқа авторлары да спикерлерді қолдап, Қазақстан – барлық әлемдік сын-қатерлерге тікелей тап болатын, бірақ экономиканы, қоғамды және саясатты дамытудың өзіндік бағыты бар ел деген оймен келісті. Олар Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жүргізіп жатқан реформалардың қазіргі жағдайда елімізді тұрақты болашаққа жетелейтініне сенім білдірді.

КЕДЕРГІСІЗ ОРТА ҚҰРУ

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің төрағасы Төлеген Оспанқұлов мүгедектігі бар жандар үшін кедергісіз орта құру туралы айтып берді.

Спикер атап өткендей, елде 2025 жылға дейін мүгедектігі бар адамдардың құқығын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі Ұлттық жоспар, Аманат партиясының жол картасы, сондай-ақ Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша әзірленген және 2021 жылдан бастап қолданысқа енгізілген «Кедергісіз келешек» жобасы іске асырылуда.

– Әлеуметтік кодекс новеллаларының біріне сәйкес, Қазақстанда 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап мемлекеттік әлеуметтік қорғау инспекторлары енгізіледі. Олар ҚР Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес мүгедек жандарды әлеуметтік қорғау, зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы функцияларды іске асыратын болады. Ол үшін осы жағдайларға сәйкестендірілген тәуекелдер дреждесін бағалау критерийлерімен тексеру парактары күшейтілді, – деді комитет төрағасы. «Енгізілетін өзгерістер мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету, оның ішіндегі міндетті әлеуметтік сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша заңнама нормаларын сақтау жөнінде уақытылы және жедел шараларын қабылдауға мүмкіндік береді», – деп нақтылады Т.Оспанқұлов.

(Дереккөздер: akorda.kz; parlam.kz; ortcom.kz; primeminister.kz).



ҚАЛА-ҚАРБАЛАС

БАҚЫЛАУ КҮШЕЙІП, ЖҰМЫС САПАСЫ АРТАДЫ

Қала әкімі Ерболат Досаев бірқатар аудандарды аралап, тиісті тапсырмалар берді

(Басы 1 бетте)

Белгіленген кестені орындамаған мердігерлер заң алдында жауап береді. Алматы әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша көпқабатты «Жас қанат» ТК құрылысына жауапты ұйымдар – «Nadid» және «Промкомплект» Б ЖШС-ге қатысты іс сотта қаралуда. «СК ШАХ» ЖШС-іне қатысты талап-арыз әзірленуде. Аталған мердігерлік ұйым тұрғын үй кешенінің айналасын абаттандыруды міндетіне алған болатын.

Әкімдік атқарылмаған жұмыстардың өтемін қайтару, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу мерзімін бұзғаны әрі жұмысты сапасыз атқарғаны үшін жауапсыз деп тануды талап етеді. Бүгінде «Жас қанат» көппәтерлі тұрғын үй кешеніндегі 41 үйдің 30-ы пайдалануға берілді, 11 үйді кезең-кезеңімен тапсыру жоспарлануда. Олардың белгіленген кестеден артта қалғанына, міне, 1 жыл болды.

Жақын ықшамаудандардағы инженерлік коммуникацияға жауапты мердігерлер мен әкімдік арасындағы қарым-қатынас сот арқылы шешілетін болады. «Жас қанат» ықшамауданында су құбыры мен кәріз жүйесін салу үшін тиісті қаржыны алған «Жасыл Ел Құрылыс» ұйымының әрекеті жосықсыз деп танылды. Әкімдік «Компания Нурай Строй» сотқа беру үшін талап-арыз дайындауда.

Мердігер «Нұршашқан» ы/а коммуникациямен айналысқан. Айына 30-дан астам апат, асфальтбетон жабынындағы келеңсіздік компанияның жұмысты сапасыз атқарғанын айғақтайды. Алматы қаласының әкімі құрылыс нысандарын аралау барысында сапасы төмен материалдарды пайдалануға, жұмысқа немкетті қарауға болмайтынына жіті назар аударды. Қаламызда өз міндетіне жауапсыз қараған мердігерлермен келісім жасалмайтыны айтылды.

ОҚУШЫ САНЫ АРТАДЫ

Қаламызда қайта жабдық-таудан өткен №48 мектепке балалар екі есе көп баратын болады.

Шаһар басшысы Ерболат Досаев қала нысандарын аралау барысында Медеу ауданындағы №48 мектеп-лицейдің жаңа корпусын салу, сейсмикалық күшейту жұмысы барысымен танысты. Жобаға сай, жаңа корпус іске қосылса, онда оқушы орнының саны 260-тан 510-ға дейін артатын болады. Қала басшысы бұл жұмыстар



былтырғы мамыр айында аяқталуы тиіс екенін еске салды. Дегенмен, жаңа корпус осы уақытқа дейін пайдалануға берілмеген. Екі жыл бойы балалар №30 мектеп базасында оқуға мәжбүр болды. Белгіленген



мерзімді бұзғаны үшін мердігер – «Риголит» ЖШС жауапкершілікке тартылады. Қазіргі уақытта қосалқы нысанды қайта жарақтау (реконструкциялау), сейсмикалық күшейту іс жүзінде аяқталды. Нысанды тапсыру биылғы 20 маусымға жоспарланған. Осы уақыт аралығында мектептің жаңа ғимараты пайдалануға берілуі, оқу орнында түлектердің құрметіне мерекелік іс-шара өткізілуі тиіс. Ерболат Досаев жұмыстардың аяқталу үдерісін жаңа белгіленген мерзімге сәйкес бақылауды тапсырды.

ЖАУАПТЫ ТҮЛҒАМЕН
ЗАҢ АЯСЫНДА ЖҰМЫС
ІСТЕЛЕДІ

Алматы қаласының әкімі «Зерделі» ықшамауданындағы үйлерді нығайту жұмыстары 2 ай ішінде аяқталуы тиіс екенін атап айтты.



Қала әкімі шаһар нысандарын аралау барысында «Зерделі» ы/а аула аумақтарын абаттандырудағы барлық жұмыстың аяқталу мерзімін белгіледі. Демек, мердігерлік ұйымдардың 30 шілдеге дейін ықшамаудан мәселесін шешуге уақыты бар.

Айтайын дегеніміз, 2016 жылы 30 үй қисайып, тұрғындардың қауіпсіздігіне қауіп төнген еді. Бұл жағдай топырақ құрамының өзгеруі мен құрылыс технологиясының бұзылуына байланысты болды. Ғимараттарды нығайту, қалпына келтіру жұмыстары жеті жылға созылды. Былтыр шаһар басшысының жеке араласуымен жұмыс қарқын алды.

Бүгінде 30 тұрғын үйдің соңғысын нығайту аяқталуда. Ерболат Досаев жұртшылықтың өміріне бірнеше жыл бойы қауіп төндіру адам төзгісіз жағдай

екенін атап өтті. Демек, жауапты тұлғалармен заң аясында жұмыс істеу қажет.

Әкім бірнеше жыл бойы құрылысы аяқталмаған жер учаскесін реттеуді өзінің жеке бақылауына алды. Ықшамауданның жобасына сай, 2016 жылы 32 үй пайдалануға берілуі тиіс болатын. Бірақ пайдалануға берілмей, екі нысан аяқталмай қалды. «Сақалды құрылыс» мәселесін шешу үшін «ҚазКСҒЗИ» АҚ былтыр техникалық зерттеу жүргізді. Үйлер құрылысты аяқтауға жарамсыз деп танылып, бұзылды.

Аяқталмаған құрылысқа жауапты мердігер ұйым – «Danu construction» ЖШС – сот арқылы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылып, лицензиясынан айырылды. Енді әкімдіктің қолдауымен ықшамаудан тұрғындарының пікірі ескеріле келе, учаскеде бұзылған үйлердің орнына саябақ аймағы салынып, футбол мен волейбол алаңы, воркаут жабдықталады. Сонымен қатар, қала басшысы ауданның әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға жәрдем көрсетуді тапсырды. «Зерделі» ы/а-да дене шынықтыру кешені, 380 балаға арналған жатақханасы бар 720 орынды кәсіптік-техникалық мектеп, 550 орынды жалпы білім беретін мектеп пен саябақ салынбақ.

8 НЫСАН ЖӨНДЕЛЕДІ

Медеу ауданындағы жерүсті және жерасты өткелдерінің басым бөлігі биыл жөнделеді.

Қала басшысы Ерболат Досаев ШААЖ мен Глубокая көшелерінің қиылысындағы жерасты өткеліне барған кезде бейінді басқармаларға жаяу жүргінші өткелдерін жөндеу және реконструкциялауға бірыңғай стандарт әзірлеуді тапсырды. Стандарт міндетті түрде материалдарды тандау мен



жерасты өткелдерінің қауіпсіздігіне қойылатын талапты (жарықтандырудың сапалы, бейнебақылау камераларының болуы) қамтуы тиіс.

Айтарымыз, бүгінде Медеу ауданында барлығы 8 жерасты жаяу жүргінші өткелі бар. Олардың бесеуі ағымдағы жылдың соңына дейін жөнделеді. Сондай-ақ, ауданда 13 жерүсті жаяу жүргінші өткелі орналасқан. Биыл 8 нысан жөнделетін болады.

СУ ҚҰБЫРЫ МЕН КӘРІЗ
ҚҰРЫЛЫСЫ АЯҚТАЛУДА

«Қарасу» шағынауданында су құбыры мен кәріз құрылысы аяқталуда.

Әкім Ерболат Досаев қалалық әлеуметтік, көліктік және инженерлік инфрақұрылым нысандарын аралау барысында Алатау ауданының «Қарасу» ы/а инженерлік коммуникацияны жүргізу бойынша жұмыстардың барысымен танысты. Инженерлік



коммуникацияны қосу 2019 жылы басталды, бірақ кәріз сорғы стансаларын (КСС) салу кезінде жерасты суымен қиындық туындады. Дайындық кезеңінде сауатсыз жерүсті дизайнына байланысты КСС орнату мүмкін болмады. Нәтижесінде «Нұрай Строй компаниясы» мердігері құрылысты ағымдағы жылдың тамыз айында аяқтауға уәде береді. Пайдалануға беру мерзімі бірнеше рет өзгерді. Кәріз құбырын 250 абонентке жеткізу қалды, ықшамаудан тұрғындарын сумен жабдықтау 100 пайыз іске асырылды. Алматы қаласының әкімі бейінді басқармаларға жұмыстардың уақытылы аяқталуын бақылау мен сапаны тексеруді жүзеге асыруды тапсырды.

СОТТА МЕРДІГЕР
ЖЕҢІЛДІ

Алматы әкімдігі сотта құрылысы ұзаққа созылған спорт нысаны – теннис орталығын салу ісінде мердігерді жеңді.

Құрылысы ұзаққа созылған спорт нысанына қатысты іс қаралған кезде сот әкімдіктің жағына шықты. Бұл туралы қалалық нысандарды аралау кезінде Алматы қаласының әкіміне бейінді басқарманың өкілдері баяндады. Алатау ауданындағы теннис орталығы келушілерге осыдан екі жыл бұрын есігін ашуы тиіс еді. Күні бүгінге дейін ғимарат пайдалануға дайын емес. Спорт орталығын салуға бюджеттен қаражат алған «ПМК-7К» ЖШС мердігер ұйымы міндеттемесін орындамағаны үшін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы болып танылды. Сот компанияға айыппұл төлеуді, сондай-ақ авансты қайтаруға міндеттеді. Мердігер шешімге қарсы шығуға тырысты, бірақ азаматтық істер жөніндегі сот алқасы апелляциялық шағымды өзгеріссіз қалдырды. Ерболат Досаев бейінді басқармаларға атқарылған жұмыстарға техникалық аудит жүргізу мен нысан құрылысын аяқтау жөнінде ұсыныс енгізуді тапсырды.

ТАЛАПТЫ ҚАЙТА ҚАРАУ,
СТАНДАРТТЫ ӘЗІРЛЕУ
ТАПСЫРЫЛДЫ

Ерболат Досаев Алматыда аула аумақтарын абаттандыруға қойылатын талапты қайта қарау мен стандартты әзірлеуді тапсырды.

Қала нысандарын аралау барысында шаһар басшысы аула аумақтарын күтіп ұстау мен оларға қызмет көрсету мәселесіне бейінді басқармалардың назарын аударды. Тиісті күтімнің болмауына байланысты балалар мен спорт алаңдарының қызмет ету мерзімі қысқарған. Сондай-ақ, Алматы қаласының әкімі ойын аймақтары жабындысының сапасына назар аударды.

Жақында пайдалануға берілген нысандар (2021 ж.) қанағаттанғысыз жағдайға жеткен. Ерболат Досаев бейінді басқарма мен аудан әкімдеріне, балаларға арналған ойын, спорт алаңын салу кезінде олардың көп жыл пайдаланылуына назар аудартып, сапа стандартын әзірлеуді тапсырды. Сонымен қатар, қала



басшысы аудан әкімдіктеріне аулаларды ғана емес, жақын маңдағы аумақтарды да мердігерлердің абаттандыруы мәселесін шешуге қосымша қаражат бөледі тапсыратынын айтты.

Әзірлеген Айнабай МӘДІ.



ӘКІМ

Шаһар басшысы Ерболат Досаевтың қала тұрғындарымен кезекті кездесуі Түрксіб ауданында өтті. Әкім өткен кездесуден бергі ауданда атқарылған жұмыстардың қорытындыларын баяндады. Сондай-ақ, ол Түрксіб ауданындағы өмір сүру сапасын одан әрі жақсарту жөнінде қабылдап жатқан шаралар туралы айтты.

Айнұр
СЕМБАЕВАИнженерлік желілерді
модернизациялау

Қала басшысы Ерболат Досаевтың айтуынша, өткен жылдан бері Түрксіб ауданындағы «Жас қанат», «Нижняя Пятилетка», «Шуакты» шағынаудандарында және Закарпатская көшесінде сумен қамту және канализация желілерін салу жұмыстары әлі жалғасуда.

«Биыл мамыр айында «Маяк» және «Әлмерек» шағынаудандарында 54,1 км сумен қамту және су бұру желілерінің құрылысы басталды. Инженерлік желілерді төсеу жұмыстары осы жылдың соңына дейін аяқталып, 1500-ден астам абонент қамтылатын болады. Жұмыстар аяқталғаннан кейін, 2024 жылы асфальт төсеу жұмыстарына кірісеміз. «Қайрат» шағынауданында, Рысқұлов – Жансүгіров – Шолохов – Сейфуллин көшелерінің бөлігінде және Тоқай – Норильский – Поддубный – Диксон көшелерінің бөлігінде инженерлік желілерді жобалау жұмыстары жүргізілуде», – деді әкім.

2021 жылы «Нұршашкан» шағынауданында жалпы ұзындығы 47,4 км сумен қамту және құбыр желілерінің құрылысы аяқталған болатын. Алайда, нысан пайдалануға берілген сәттен бастап бұл желілерде 30-ға жуық апат болды. Соның салдарынан ауызсу беру ұзақ уақытқа тоқтатылды. Сондықтан тұрғын үй массивінің тұрғындары тарапынан негізделген шағымдар түсуде. Осыған байланысты Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының талап-арызы бойынша мердігерге қатысты істі сотта қарау басталды. Бүгінгі таңда Түрксіб ауданының әкімдігі төтенше жағдай аясында желілердің жұмыс қабілеттілігін қалпына келтіру мәселесін пысықтауда.

«Тұздыбастау»
пайдалануға беріледі

Төтенше жағдайларда электр желілерінің жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіру –

ТҮРКСІБ: ТЫҢ СЕРПІН



Қоғамдық көлік

Қоғамдық көлікті дамыту – қала басшылығының басты міндеттерінің бірі. Әкім атап өткендей, аудан тұрғындарының өтініштері бойынша биыл №50, 10, 227 маршруттар 45 автобуска жаңартылды. 12 маршруттың жылжымалы құрамы жаңартылады және «Қайрат» шағынауданынан «Райымбек» метро станциясына дейін жаңа автобус маршрутын (8 автобус) іске қосу жоспарланып отыр.

«Жыл басынан бері 5 айда жол қауіпсіздігін жақсарту мақсатында ауданда 96 «Сергек» аппараттық-бағдарламалық кешені орнатылды. Бұдан басқа, Түрксіб ауданында адамдар көп жиналатын орындардағы бейнемониторинг жүйелерінің желісін кеңейту жобасы аясында жыл соңына дейін тағы 585 камера орнату жоспарлануда», – деді әкім.

Әлеуметтік инфрақұрылым

Жаңа мектептер салу және қолданыстағы мектептерді кеңейту жұмыстары жалғасын табады. Өткен жылы «Қайрат» шағынауданында 1500 орынды №211 мектеп-гимназия салынды. Мектеп биыл қыркүйек айында жұмысын бастайды. 2022 жылдың желтоқсанында қолданыстағы ғимаратты сейсмикалық күшейтіп және 300 орынға қосымша құрылыс салып, №59 мектеп-гимназияның ғимаратын реконструкциялау басталды. Жұмыстарды 2024 жылдың I тоқсанында аяқтау жоспарланған.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру аясында осы жылдың III жартыжыл-

дығында Түрксіб ауданында 6100 орынды 4 мектептің құрылысы басталады. Сонымен қоса, 2 мектепке 1050 орынды қосымша құрылыс салу жобалануда.

«Биыл наурыз айында қолданыстағы ғимараттарды бұзып, Алматы телекоммуникация және машина жасау колледжін салу үшін жобалау-сметалық құжаттама әзірлене бастады. Жобалау-сметалық құжаттама әзірлеуді 2024 жылдың I тоқсанында аяқтау жоспарланған. №70 бөбекжай-балабақша ғимаратын сейсмикалық күшейту жұмыстары аяқталып келеді. Осы жылдың шілде айында ашуды жоспарлап отырмыз. Жыл соңына дейін «Қайрат» шағынауданындағы 260 орынды мемлекеттік балабақшаның құрылысы аяқталады. Осы жылдың III тоқсанында жер учаскесі алынғаннан кейін «Әлмерек» шағынауданында 320 орынды балабақша салу үшін жобалау-сметалық құжаттама әзірлеуге конкурс жарияланады», – деді Е.Досаев.

Сондай-ақ, әкім аудан тұрғындарына сапалы медициналық қызмет көрсетілу үшін қазіргі уақытта «Нұршашкан» шағынауданында 100 адам қабылдайтын дәрігерлік амбулаторияның құрылысы жүріп жатқандығын айтты. Жұмыстар 2023 жылдың қыркүйек айында аяқталады. Сондай-ақ, осы жылдың мамыр айында Айбасов көшесі, 28 мекенжайында 200 адам қабылдайтын дәрігерлік амбулаторияның құрылысы басталды.

«Қайрат» шағынауданында 340 адам қабылдайтын емхана салуға жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу жұмыстарын аяқтау осы жылдың қазан айына жоспарланған. «РВ-90» шағынауданында отбасылық-дәрігерлік амбулатория салуға жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу үшін конкурс өткізілуде. IV тоқсанда «Әлмерек» шағынауданында отбасылық-дәрігерлік амбулатория салу үшін жобалау-сметалық құжаттама әзірлеуге конкурс жарияланады.

Жайлы орта – жан рахаты

Биыл «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасының тиімділігін ескере отырып, Түрксіб ауданына қосымша 875 млн теңге бөлінді. Аталған қаражатқа 56 жобаны, оның ішінде жалпы пайдалану орындарын абаттандыру, балалар мен спорт алаңдарын жайластыру, жарықтандыру желілерін салу жобаларын іске асыру жоспарлануда. Әкімдіктің анықтамасы бойынша бөлінген қаражат шеңберінде (813,3 млн теңге) жыл басында 26 жоба іске асырылмақ. Қосымша қаражат ескере отырып, жалпы аудан бойынша 82 жобаны іске асыру жоспарланған.

СҰРАҚ-ЖАУАП

ӨЗЕКТІ САУАЛДАР ТАЛҚЫЛАНДЫ

– Құрметті Ерболат Асқарбекұлы, біз 1996 жылдан бері Түрксіб ауданы, Стасова, 2 А мекенжайындағы жатақханада тұрып жатырмыз. 1960 жылдары салынған бұл ғимарат негізінде хоккей клубының жатақханасы болған. Мұнда қазір 30 отбасы, 150 адам тұрады. Бірақ құжаттарымызды әлі ала алмай жүрміз. 2005 жылдан бастап ғимаратты картаға түсірді. Оған дейін ешқандай картада болмаған. 2005 жылдың мамыр айында бізге 54/48 әскери бөлім келіп, ғимаратты босатуымызды талап етті. Жеті рет сот болды, ешқандай шешім шыққан жоқ. Сол уақыттан бері қаншама мекемелерге бардық. Мүмкін сіздерге жетпей жатқан шығар бұл ғимараттың жағдайы. Бұл жерде не жарық, су, қоқыс орны болған жоқ. Бәрін өзіміз жасап, әлі күнге көмірді өзіміз алып, күніне бір адам от жағып күн көріп келеміз. Әлі күнге қолымызға құжат тиген жоқ. 1996 жылы әкімдіктегілер бұл ғимаратты «қызыл сызыққа» жатады деген еді. Мәселемізді айтып, қалалық әкімдікке хат жолдадық, одан кейін жекешелендірумен айналысатын мекемелерге жібердік. Ешқайсынан дұрыс жауап болмады.

– Осы мәселе бойынша аудан әкіміне тапсырма берейін. Өзі барып, сіздердің осы уақытқа дейін жинаған құжаттарыңызды түгел қарасын. Жаңағы өзіңіз айтқан «қызыл сызыққа» бұл ғимарат кіре ме? Құжаттары қаншалықты дұрыс? Өткен ғасырдың соңынан бастап, одан кейін 2005 жылдан бері шешілмей келе жатқан түйткілді шешудің заңды жолдарын қарастырайық.

– Қазір мектептерде жазғы лагерьлер ашылды. Уақытылы тамақтану балалар үшін өте маңызды, бірақ бұл көптеген ата-ана үшін қымбат. Шешім бар ма?

– Биыл біз мұндай мәселеге ерекше назар аудардық. 1-ден 4-сыныпқа дейінгі балалар үшін 10 күндік мектеп жанындағы лагерьлерге 250 млн теңге бөлуге келісім бердім. 30 мыңнан астам баланы тегін тамақпен қамтамасыз етеміз.

– Сіз бен біз өткен жылы алғашқы кездесуде жүздескен едік. Бүгін тағы келіп отырмыз. Өзіңіз осы қалада туып-өстіңіз, білім алдыңыз, оның үстіне математиксіз. Математиктер тез шешім қабылдайды және 89 пайыз мәсе-



ленің орындалуын қадағалайды. Өткен жылдан бері «Жас қанат» шағынауданындағы су, көріз жүйесі, электр жүйелеріне қатысты қандай жұмыстар атқарылды?

– Былтыр «Жас қанат» шағынауданы бойынша «Жасыл ел» мердігер құрылыс компаниясы жұмыс істеді. Құрылыс компаниясының жұмыстарында олқылықтар болғандықтан осы жылдың басында оларға сотқа шағымдандық. Сот әлі жалғасып жатыр. Бірақ аудан басшылығы маусымның соңына дейін Хмельницкий көшесінің оң жағын суға қосуды жоспарлап отыр, солтүстік жағында судың мәселесі шілде айында шешіледі. Дәл қазір ауданда электр энергиясы бойынша айтарлықтай мәселе жоқ. Тек кейбір көшелерді жарықтандыру қалды. Су, көріз жүйелері толық аяқталғаннан кейін қалалық Мобильді басқармамен бірлесіп, біз жол жасауды қолға аламыз. Қазір шағынаудандағы жұмыстарды аяқтау үшін басқа мердігер құрылыс компаниясымен шарт жасалды. Күзге дейін инженерлік жұмыстар түгелдей аяқталады.

– Ерболат Асқарбекұлы, мен сізге өтініш айтып, мәсе-

лемді шешіп беруге көмек сұрап келіп тұрмын. Өзім жалғызбасты анамын, екі балам бар. Мен 2014 жылы 1940 жылғы үйді жөндеу үшін кредит аламын деп алаяқтарға тап болып, үйімнен айырылып қалдым. Міне, 9 жылдан бері қарай пәтер жалдап жүрмін. Жұмыс істеуге денсаулығым да жарамай қалды. Үйдің кезегіне қалай тұра аламын? Баспана мәселесін шешуге көмек бере аласыз ба?

– Біріншіден, жаңа пәтер, жаңа баспана алып беруге менің мүмкіншілігім жоқ. Екіншіден, алаяқтардың мәселесімен полиция айналысады. Ал үйдің кезегіне келер болсақ, осында Тұрғын үй басқармасының мамандары отыр. Сол кісілер сізге үйге кезекке тұрудың жолдарын, шарттарын түсіндіріп береді. Құжаттарыңызды реттеп, үй кезегіне тұрсаңыз болады.

– Ерболат Асқарбекұлы, осыдан 1 жыл бұрын сізге екі мәселемен келген болатынымын. Мәселем шешімін тапты, рахмет! Қазір жақсы жұмысқа орналасып, еңбек етіп жатырмын. Енді екінші мәселем – 16 жылдан бері баспаналы бола алмай жүрмін. «Алматы жастары» бағдарламасынан қалып қалдым. Себебі, дұрыс ақпаратты ала алмадым. Баспаналы болуға әкімдіктен көмек бола ма?

– Өткен жылдың күзінен бастап бағдарламаға арнайы 50 пәтер қостық. Қосымша 25 пәтер жас дәрігерлер мен жас мұғалімдерге берілсін деген мақсатта. «Алматы жастары» бағдарламасы бірнеше жылдан бері біраз жастардың баспаналы болуына септігі тиіп келеді. Бұл бағдарлама туралы біраз адам біледі. Қандай құжаттар әзірлеу керек, шарттары қандай, танысып, әрекет жасап көріңіз. Банк менеджерлері мен Тұрғын үй басқармасы мамандарынан кеңес алыңыз. Дұрыс ақпарат береді деп ойлаймын. Сәттілік тілеймін!

ТҮЙІН: Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев пен Түрксіб ауданы тұрғындарының кездесуі 2 сағаттан астам уақытқа созылды. Ауданға қатысты өзекті деген мәселелер талқыланды. Әкім өзімен жүздесуге келген әр тұрғынның сұрағын мұқият тыңдап, бәріне толық жауап берді. Шаһар басшысы әлі шешімін таппаған мәселелерге қатысты аудан әкімі Бақытжан Ақжаровқа және басқа да мамандарға тапсырма берді.



МЕРЕЙТОЙ

«ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ БІРЛІГІ»

Алматыдан бастау алған мерейтойлық іс-шаралар халықаралық ұйымға мүше мемлекеттерде де жалғасатын болады



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Алматыда ТҮРКСОЙ-дың 30 жылдығына арналған іс-шаралар легі басталып та кетті. Осыдан дәл отыз жыл бұрын, 1993 жылдың 12 шілдесінде ТҮРКСОЙ (түр. Uluslararası Türk Kültürü Teşkilatı, TÜRKSOY) – Түркі мәдениетін және өнерін дамыту халықаралық ұйымы құрылған еді. Осынау айтулы оқиға аясында Ұлттық кітапханада «ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ БІРЛІГІ» атты кітап көрмесі өтті.

Рая
ЕСКЕНДІР

Іс-шараға Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің өкілдері, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академиктері, кітапхана ұжымы мен қалың оқырман қатысты.

Рухани басқосуда ТҮРКСОЙ-дың Бас хатшысы Сұлтан Раев, белгілі мәдениеттанушы, мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Әуезов, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, көрнекті жазушы Елубай Смағұл сөз алып, ТҮРКСОЙ-ға мүше елдердің мәдени-рухани даму бағыттарын тілге тиек етіп, жиналған жұртшылықты мерейтоймен құттықтады.

Ұлттық кітапхана ұйымдастырған

кітап көрмесін аралап, түркі дүниесінде жарияланған рухани шығармалармен танысты.

Бас хатшы Сұлтан Раев түркі әлемі руханиятына, өнері мен әдебиетіне, ғылымы мен біліміне атсалысып келе жатқан бір топ зиялы қауым өкілдерін «ТҮРКСОЙ – 30 жыл» алтын медалімен марапаттады.

Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрында ҚР Мәдениет және спорт министрлігі, Алматы қаласы әкімшілігі мен халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының ұйымдастыруымен мерейтойлық гала-концерт өтті. Алматыдан бастау алған мерейтойлық іс-шаралар халықаралық ұйымға мүше мемлекеттерде де жалғасатын болады.

МЕМОРАНДУМ

Тараптардың бұл ынтымақтастығы медиа холдинг пен зерттеу институтының мүмкіндіктерін ұштастыра отырып, барынша кең аудиторияға ғылыми әрі сапалы контент ұсынуды көздейді.

Естай
БОЖАН

«Alatau aqparat» ЖШС-ның бас директоры Ержан Қалымбайұлы Еуразия ғылыми-зерттеу институтының директоры Суат Бейлұр мырзамен екіжақты достық және ынтымақтастық қарым-қатынасты нығайту мақсатында кездесу өткізді. Кездесуде медиахолдинг пен институт арасындағы ынтымақтастық байланысты дамыту тақырыбы талқыланды.

Кездесу аясында Ержан Қалымбайұлы мен Суат Бейлұр «Alatau aqparat» ЖШС» медиахолдингі мен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Еуразия ғылыми-зерттеу институты арасындағы ынтымақтастық туралы келісім-шартқа қол қойды. Аталған келісім-шарт екі тарапқа ортақ ғылыми-танымдық іс-шараларды ұйымдастыру, өзара

ақпараттық қолдау көрсету және сапалы контенттермен алмасуға бағытталған.

Сондай-ақ, келісім-шарт «Alatau aqparat» ЖШС қызметкерлеріне Еуразия ғылыми-зерттеу институты жүргізетін түрік тілі курстарына қатысуға мүмкіндік береді.

Еуразия ғылыми-зерттеу институты Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Түрік әлемі және Еуразия кеңістігін зерттеу бағытындағы ғылыми орталығы. Қазақ, түрік, ағылшын және орыс тілдерінде тұрақты түрде сапалы ғылыми басылымдарды, өзге де ғылыми еңбектерді шығарып келеді.

«Alatau aqparat» ЖШС 2020 жылы құрылған. Құрамына «Almaty aqshamy», «Вечерний Алматы» басылымдары мен Almaty-akshamy.kz және Vecher.kz сайттары кіреді. Сондай-ақ, кемелді мультимедиялық мүмкіндіктерімен барлық әлеуметтік желілерді қамтыған, ауқымды ақпарат айдынына ие ақпарат көзі.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ,
«Alatau aqparat» медиахолдингінің
Бас директоры:

МАҚСАТ – ОРТАҚ

Еліміздегі ақыл-ой орталықтарының бірі – Еуразия ғылыми-зерттеу институтымен әріптестік орнатуға келістік. Қанаттаса ортақ жобаларды қолға алып, бір-бірімізді қолдап отырамыз. Келісім шеңберінде он қызметкеріміз тегін түрік тілін оқиды. «Alatau aqparat» медиа холдингі мен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Еуразия ғылыми-зерттеу институты арасында бекіткен меморандум біраз мүмкіндіктерге жол ашады. Ғылыми зерттеуге негізделген сапалы контенттер жасауды арттырамыз. Еуразия ғылыми-зерттеу институтының директоры Суат Бейлұр мырза бастаған мықты мамандарға алғысымды білдіремін. Жемісті еңбектерінің жалғасын тілеймін.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



КӨҢІЛ КҮНДЕЛІГІ

РУХАНИИ АСТАНА

әлемдік туризм ордасына айналады

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Біздің Яссы базарының тұсынан сондағы түп нағашым күтіп алды. Есімі – Орынбасар. Ол кісі – иықты, қарулы, сөзді теріп-қағытып тілдесетін, ісмер-тұғын. Сол кезде 63 жаста екен. Үйінде 2-3 күн қондық. Бәрі қонақжайлылығын көрсетті. Есігінің алды бау-бақша, жүзімнің астында сәкі құрып қойған. Ол жақтағы жұрт егін-тегінге сондай ыждағатты. Онысын қала маңын аралап жүріп байқадық.

Ертесіне ойшыл, софилық ілімнің негізін салушы Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың кесенесіне тәу етіп, қазақтың игі жақсылары, хан-сұлтандары рухына дұға бағыштадық. Таңқалғаным, XIV-XV ғасырда Әмір Темірдің бұйрығымен салынды. Содан бері 600 жыл болыпты. Көркі көз тартады. Халық даналығында «сыры кетсе де, сыны кетпеген» деген сөз бар. Осы тәмсіл мавзолейге қарата айтылғандай. Ондағы ою-өрнек, көк күмбез алыстан менмұндап тұр. Нағыз шығыстың жауһары дерсіз. Оны айналдыра қоршаған қорғанға қарап, орта ғасырға тап болғандайсыз.

Далада 40 градустан астам ыстық. Алайда, «Тайқазан» орналасқан ортаңғы бөлмеде салқын саф ауа есіп тұр. Уағында Иран, Ирак, осы күнгі Өзбекстан, Тәжікстан, Үндістан аумағынан алдырған ұстаалар бар шеберлігін салыпты. Мұны сондағы экскурсовод мәлімдеді. Қарсы алдында Рәбия Сұлтан бегімің кесенесі, оңтүстігінде Қылуат, Шығыс моншасы орналасыпты.

Сөйтіп, аяқастынан Абылай ханға арналған асқа қосылдық. Мұны оңтүстік өңірге белгілі кісі беріп отыр екен. Түскі ас іздеп, қонақасыдан бір-ақ шығыппыз. Кесенеге зиярат түсілген саны көп екен. Біз де садақа беріп, бабалар рухына тәу еттік. Дәп сол кезде Алматы, Астанаға емес, дәл Түркістанға оқуға түсуді тілеп, армандап, ауылға оралдық.

Түркістанда оқып жүр, талай түркі баласы

Өне-міне дегенше, 11-сыныпты да аяқтадым. ҰБТ өтті. Орта балл жинадым. Анам қолыма туысқан Рахила әпкесінің адресін ұстатты. Шиеліден Түркістанға қатынайтын маршрутқа отырдым. Әпкеме хабарластым. Үйіне барып, оқуға түскенше сонда болдым. Осылайша шілде, тамыз айларында сонда барып келіп тұрдым. Рахила әпкем «Түркістанға таяқ ұстап келген тұлпар мінеді. Дорба арқалап келген адам арба мінеді» деген еді. Осы бір ұлағатты сөз маған қанат бітірді. Жігер сыйлады. Үлкен демеу болды.

Бірақ оқуға түскендердің қатарына ілінбеппін. Анам екеуімізде көңіл күй жоқ. Алайда, іштей жайбарақат едім. Ақыры Шымкентке ақылы оқуға кеттім. Сол кездегі көрініс көз алдымда. Алып икарустың ішінде отырдым. Кесененің маңайынан өтіп барамыз. Көк күмбезі күнмен шағылысып тұр. Жандүниеде «қалайша тілеген тілеуім қабыл болмады екен» деп қарап, ойға шомып кетіппін. Жанымдағы кісілердің бәрі үлкен ата-апалар екен. Жастар аз. Қазақы киімде басына орамал таққан апа екеуіміз сыр шертісіп, жол қысқартып бардық. Жолда қалта телефоным шыр етті. Бөтен нөмір. Бір қыз

Әр адамның арманы бар. Көбіне болашақ өмір мектепте жүргенде алаңдатады. 10-сыныпта қайда, қалай баратынымды ойлана бастадым. Оған дейін ойымыз сан-сақта еді. Бір күні Абылайхан көкемнің нағашыларына жол тарттық. Бағытымыз – қасиетті Түркістан. Мақсатымыз – Әзірет Сұлтан кесенесіне зиярат ету. Көкем сол жылы зейнет жасына шықты. Көкем деп отырғаным, әкемнің ағасы. Бізді кішкентайымыздан бақты-қақты, зейнетақысын отбасымызға берді. Өзі орта бойлы, ақкөңіл, ісі нық, әзілді көтере біледі. Оған дейін киелі шаһарды теледидардан көргенім, жұрттан естігенім, кітаптан оқығаным болмаса, табаным тимеген.



Ахмет Ясауи университетінің проректорының хатшысы екенін айтты. Ол «университетке қайт» деді. Айтқанын шала түсіндім.

Артынша түрікшепел әлгі басшысы өзі «Түркістанға кел, квота беремін» деген қуанышты жаңалықты жеткізді. Мұны анық ұқтым. Жанымда серік болған апай, жолдағы кездескен таксиші ағай, бәрі-бәрі «сабақты жақсы оқы» деп батасын бергендей болды. Шымкентке барып, сол күні қайта оралдым. Сөйтсем, үйдегілер менен бетер қуанып жүр екен. Ол жағын телефоннан тілдесіп білдік. Осылайша оқуға ілініп, тілеуіміз қабыл болды. Мын тәубе!

Түркістандағы университет – жаңа корпус, Мәдениет сарайы, Ясауи клиникасы, ұлдар, қыздар жатақханасы, баршасы маған ерекше ыстық. Бір жыл ағылшын, түрік тілінен дайындық курсына тәлім алдық. Университетте Түркиядан келген оқытушылар түрікше оқытты. Шеттен келген оқытушылар қазақша білмеді. Небәрі 3-4 айда тіл үйретті. Әлемнің 15 мемлекетінен, 26 ұлт өкілі келіп білім алатын көрінеді. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Әзербайжан, Өзбекстан, Түркіменстан, Қырғызстан, Қытай, Ресей, Моңғолия және т.б. елдерден келген студенттерді білім нәрімен сусындатады. Сырттан келушілердің көбісі түркі халықтарының жастары.

Бәріміз бір атаның баласындай болдық. Бауырластық сезімі артты. Наурыз сондай керемет тойланатын еді. Үнемі халықаралық жиын, конференция ұйымдастырылатын. Академиялық біліктілікті арттыру бойынша шәкірттер шетелге барып оқып келетін. Орта ғасырлық ақын Ахмет Ясауи бабамыз сопылық ілімнің шамын жаққан көне Яссы шаһары бүгінде жанданып келеді. Нағыз ғылым мен білімнің қарашаңырағына айналыпты. Атына заты сай мекен болуына тілектеспіз.

«Есімде тұрар жаңғырып...»

Студент кездің қызығы – бөлек әңгіме. Ол жағын танды-таңға ұрып айтса да жарасады. Соның бір парасын шертелік. Студент кезде мейрамханаларда даяшы болып істедік. Сабақтан шыға сала тойханаға досым екеуіміз тартатынбыз. Аш барып, сонда ауқаттанатынбыз. Қарап тұрсақ, 12-13 сағат табанымыздан тік жүріп, нәпақамызды тауыппыз. Ол жақта халық көп, жұмыс тапшылау. Төленетін пұлы – 1000 теңге көлемі. Бас-аяғы 5 жыл оқып, 4 жыл даяшы, көлік жуушы, көкөніс сатушы және т.б. болып істедік. Кейде жатақханаға түнгі 23.00-ге дейін үлгермейтінбіз. Терезеден тығылып кіріп жүрдік. Кей уақытта үлгермесек, жұмыс берушінің үйіне, жұмыс орнына конатынбыз. 19 жасымда 72 мың теңге ақша жинадым. Оған қашар сатып алдым. Ол бір жылдан соң бұзаулады. Сол күйі көбеймеді, жоғалды. Әбден сол шаһарға үйреніп алдым. Ауылға 3-4 айлап соқпаймын.

Біз журналистика мамандығында сегіз студент оқыдық. 3 ұл, 5 қыз едік. Бізді ағылшын-түрік тілі дайындығынан келгендіктен – Fundition дейтін. Дайындық курсы бітірген соң жай топпен қосты. Көбісі сол өңірден еді. 1-4-курсқа дейін журналистика студенттері ағалы-інілі, әпкелі-сіңлідей сыйластық.

Әсіресе, Fundition тобымыздың бір-бірімізге сыйластығымыз айрықша еді. Топ жетекшісі Нұрлан – өнерлі және әр қырлы, Мұхтария – кербез жігіт, Фариза – ақын, Бану – білімпаз, идея ұсынушы, Сәуле – ақкөңіл, қамқор, Сұлуаш – көңілді қыз, Әсел – заманауи, мені – бірбеткей немесе саяси сауатты дейтін. Оқып жүріп үйді-үйге қыдырдық. Жылда жаңа жылда бас қосатынбыз. Арамыздан түрлі сайыстарға қатысушылар болды. Өнерін көрсетті. Республикалық шығармашылық сайыстарға

қатысты. Ойнап-күліп, бір-бірімізге сый-құрмет білдіріп, ағаттық кеткен тұсты түзеп жіберіп, уақытты көңілді өткіздік. Бүгінде біразы балалы-шағалы. Әркім өз саласында жүріп жатыр. Университетті аяқтағанымызға да 5 жыл өтіпті. Түркістанда бас қосып, баяғыны еске алып, қызықты оқиғаны айтып жиналуды көздеп-ақ жүрміз. Қашан боларын кім білсін?! Бәлкім, ол күн де алыс емес шығар...

Ұстаздарымыз – филология ғылымының докторы, семсер сөздің серкесі Сейдулла Садыков, Қазақстанның құрметті журналисі Қуандық Оразбекұлы, композитор Бекжігіт Сердәлі, аға оқытушы Асхат, Ғалымжан, эдвайзер Әлия Білдебекова және Өтіргүл, Гүлнар, радио-фото мамандары Нақып, «Ясауи университеті» газетіндегі Жанар апай-ағайлар еді.

Сондай-ақ, Балтагүл деген апай үлкен қамқорлық танытты. Қысқасы, баршасының аты-жөнін дер уақытта ойға оралмаса да, айтқан ақыл-өнегесі ойымда сақтаулы. Бәрінің орны біз үшін айрықша. Әрбірінің үйреткен тәлім-тәрбиесі бір бөлек деп айтқым келеді. Осы сәттің баршасы көңілімде, көз алдымда сайрап жатыр. Саралай келе, жоғары оқу орнындағы ұстаздарыма, бір топта оқыған топтастарыма, қолдау білдірген жандарға үлкен рахметімді білдіремін.

Түрленген шаһар

Қайда жүрсең те, Түркістанның көшелері, бақтары, мейірімді адамдары естен кетер емес. Алыстаған сайын сағынамыз. Бұрынғы сәттерді аңсаймыз. Оқытушыларымыз «ең керемет кез, ол – студенттік шақ» дейтін. Оған мән бермейтінбіз. Бірақ айтатындай-ақ бар екен. Қарбалас өмір қысқанда қызықты, ғажай кездерді ойлай бастаймыз. Көңілге ең әуелі Түркістан оралады. Кесененің маңы, көженің дәмі, самсақхана, базар, кафе, мейрамханалар, бәрі-бәрі тамаша-тұғын. Қала жап-жасыл еді. Мүмкін аңызға жеткендіктен өті мен ағашы аз Қызылордадан келгендіктен солай көрінер. Біз 2013–2018 жылдары оқып-бітірдік. Түркістан облыс орталығына айналды. Дереве жаңара бастады. Дәп қазіргі көрінісі Керуен сарай, Футбол аренасы, Фараби кітапханасы, қаз-қатар тізілген көпқабатты үйлер, бәрі-бәрі үйлесімді. Дубай мен Венеция елестейді. Бұл туралы талай мәрте айтқан едік. Түркі мемлекеттерінің басын қосатын Саммит, жиындар бірінен соң бірі өткізіліп келеді. Тұжырымдай келе, сүйікті қаламыздың өркендеп өсе бергенін қалаймыз. Жасымыз ұлғайып, өмір-тәжірибеміз артқан шақта рухани астанаға қарай бет бұру ойда бар. Сол күнге жетейік. Жайна, жаса, киелі құт мекен – Түркістан!

ТҮЙІН:

Жол түсіп Ыстамбұл, Самарқан, Ташкент, Петербург сынды тарихи мегаполистерге сапарладық. Оған да мың шүкір! Осы күні Алматыда қызмет істеудеміз. Десе де, қасиетті қазақ топырағы, қазақ хандығының 250 жыл бойғы астанасы – бәрібір ыстық. Қазақта «Откеніңді ұмытсаң, келешек саған тас атады» дейді. Сондықтан өзімізге ерекше жақын мекен туралы естелікпен бөлісуді жөн көрдік.



ФИМАРАТ

ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ
күзде аяқталады

Алматы қаласы әкімдігінің ғимараты қазан айында қайта пайдалануға берілмек. Қазіргі уақытта нысанда қалыпқа келтіру жұмыстары жүріп жатыр. Әкімдіктің баспасөз қызметінің мәліметінше, Алматы әкімі аппаратының ғимаратын қалпына келтіру жұмысын бастауға қаражат толық бөлінген.



2022 жылы 27 сәуір күні Алматы қаласының Құрылыс басқармасы мен «Атрикс-Строй» ЖШС арасында Алматы қаласы әкімі аппаратының ғимаратын қайта жаңарту туралы шарт жасалған.

«1, 2, 3 павильон бойынша сметалық құнның сомасы – 12 662 747 мың теңге және 4 павильон – 4 484 643 мың теңге (барлығы 17 147 390 мың). Бүгінгі таңда барлық павильондарды демонтаждау және сейсмикалық күшейту жұмыстары аяқталды, ішкі әрлеу жұмыстары, инженерлік желілерді төсеу, салқындату жүйесі жабдықтарын орнату, фальшдендерді монтаждау, қасбетті мәрмәр және травертинмен қаптау, терезе блоктарының құрылысы жүргізіліп жатыр. Осы жылдың маусым айынан бастап барлық павильондарды кезең-кезеңімен тапсыру жоспарланған. Жұмыстар кестеге сәйкес атқарылып жатыр. Құрылыс-монтаждау жұмыстарын аяқтау қазан айына белгіленген», деп жазылған әкімдік таратқан мәліметте.



ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ

ЗАҢСЫЗ ҚҰРЫЛЫСҚА ЖОЛ ЖОҚ

Алматыда жыл соңына дейін 399 сауда нысаны сүріледі

Мегаполисте заңсыз салынған құрылыстарды анықтап, оларды бұзу жұмысы жанданды. Бұл жұмыстар қаланың сыртқы келбетіне және абаттандыруға нұқсан келтіретін, тротуарлар мен жол учаскелеріне қоқыс тастайтын заңсыз орнатылған стационарлық емес сауда объектілерімен (ССО) күресу мақсатында жүргізіліп жатыр. Бүгінде қала әкімінің тапсырмасы бойынша Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы қажетті шаралар қабылдауда.

Ерікті сүруді жүзеге асыру үшін заңсыз салынған стационарлық емес сауда объектілері иелерімен түсіндіру жұмыстары тұрақты негізде жүргізілуде. Нысан сүрілген соң аудан әкімдіктерімен бірлесіп, заңсыз объект орнатылған аумақ ретке келтіріледі, қоқыстан тазартылады.

Мониторинг қорытындысына орай 2022 жылы Алматы



қаласы бойынша жер заңнамасын, санитарлық, қала құрылысы және өрт нормаларын бұзған 500-ден астам заңсыз салынған стационарлық емес сауда объектілері анықталды. Бүгінде 101 нысан сүрілді, қалғандары ағымдағы жылдың соңына дейін алынып тасталады.

Еске салсақ, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша биыл алғаш рет «Алматы қаласының аумағында және қала маңындағы аймақта стационарлық емес сауда объектілерін орнату ережелері» қабылданды, онда мұндай объектілерді орнату тәртібі нақты айқындалған. Ережелермен <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V23R0001707> сілтеме арқылы толық танысуға болады.

Нысандардың стихиялы орналасуларын болдырмау үшін қазіргі уақытта «Стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру сызбасын» әзірлеу аяқталуда, ол бекітілгеннен кейін оларды орнатуға болатын нақты мекенжайлар анықталады. Расында да, қазір табыс табамын деп рұқсатсыз құрылыс жүргізетіндер көп. Өйтсе де, заңсыз құрылысқа жол жоқ. Қазір заманмен бірге талап күшейіп, тәртіп қатаң бола бастады. Занды білмедім деп ақталу Сізді жауапкершіліктен босатпайды. Сондықтан іс бастамас бұрын алдымен оның заңдылығына мән беріңіз. Сонда ісіңіз өрге басады.

ЗАҢ – БАРШАҒА ОРТАҚ

АВТОКӨЛІКТЕР ЗАҢСЫЗ ТІРКЕЛГЕН

Алматы полициясы Оңтүстік Кореядан әкелінген автокөліктерді заңсыз тіркеудің жолын кесті

Қалалық Полиция департаментінің ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасының мәліметінше, бұл тізбекте «Азаматтарға арналған үкімет» АҚ-ға қарасты Мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығының қызметкерлері, сондай-ақ Оңтүстік Кореядан көлік алып келуді жолға қойған К. есімді азамат күдікті деп танылған.

«К. есімді азамат Мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығының қызметкерлерімен қылмыстық келісімге келіп, Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарын тіркеуге негіз болатын құжаттарға

жалған мәлімет енгізгені белгілі болды. Осы заңсыз әрекетінің нәтижесінде күдікті бастапқы мемлекеттік тіркеу үшін белгіленген алым, яки 340 млн теңгеден аса қаржыны төлеуден жалтарған. Тергеудің осы кезеңінде 250 автокөліктің осындай қылмыстық тізбекпен алып келіп, тіркелгені анықталды», – деп мәлімдеді Алматы қалалық ПД ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасының бастығы Жанат Нұрғалиев.

Басқарма бастығы ҚР ҚК-нің 385-бабымен (жалған құжатты, мөртабанды, мөрді, бланкті, мемлекеттік пошта төлемі белгісін, мемлекеттік награданы қолдан жасау, дайындау не өткізу) қозғалған қылмыстық істің Алматы қалалық ПД анықтау басқармасында тергеліп жатқанын айтты.

Айнабай ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ.

ҚАУІПСІЗДІК

ТАЛАП ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ

Алматыда жалға алынған электрсамокаттар үшін шектеу аумақтары бекітілді

Қала әкімдігінің баспасөз қызметі мәлім еткендей, жол қозғалысындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қоғамдық орындарда қала тұрғындарына ыңғайлы жағдай жасау мақсатында кикшеринг компанияларымен бірге қала әкімдігі электрсамокаттардың жүруі шектелетін орындарды анықтады.

Мәселен, электрсамокаттармен «Южный», 28 панфиловшы, Мәдениет және демалыс, Тұңғыш Президент саябақтарында жүруге болмайды. Сонымен қатар, ҚБТУ алдындағы және «Северный» скверлерінде, Ботаникалық бақта, Арбатта (Жібек жолы даңғ., Назарбаев даңғ., Абылай хан даңғылына дейін) және Теренқұрда жүруге шектеу қойылған. Бұдан басқа, Панфилов көшесіндегі жаяу жүргіншілер жүретін аймақта, Макаев көшесінде, Чайковский және Желтоқсан көшелерінің аумағында орналасқан скверде жылдамдық 10 км/сағ дейін шектеледі. Аталған аумақтарда және Төлебаев көшесінде электрсамокаттарды қалдыруға тыйым салынады.



Шектеулер электрсамокаттарды жалға беруші компаниялардың арнайы қосымшаларында көрсетілетін болады. Қолданушылар ережелерді сақтауы, адамдар көп жиналған орындарда үлкен жылдамдықпен жүрмеулері тиіс.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

14–26 маусым аралығында Алматы қаласының сегіз ауданының аумағында жылу желілеріне гидравликалық сынау жүргізілетін болады.

ЖЫЛУ ЖЕЛІЛЕРІНЕ
СЫНАҚ ЖҮРГІЗІЛЕДІ

Магистральдық және тарату құбырларын тексеру кезінде күн сайын таңғы 4-тен 7-ге дейін – қала тұрғындары мен мегаполис қонақтарына сақтық шараларын сақтауды ұсынамыз.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларына қарамастан, штаттан тыс жағдайлар орын алуы мүмкін: жер бетіне судың ағып шығуы, жол жабынының ішінара бұзылуы, т.б. Мұндай жағдайларда ешқандай дербес әрекет жасамаңыз, оқиға орнынан дереу кетіп, ол туралы «Алматы жылу жүйесі» ЖШС-на 378-06-48, 378-06-62 (тікелей нөмір), call-орталық телефондары арқылы хабарлаңыз: 341-07-00 немесе 341-07-77 (қосымша 1011 немесе 1014), сондай-ақ 109.



Жылу желілеріне сынақ жүргізу кестесі «Almaty akshamy» газетінің сайтында жарияланған.

«Алматы жылу жүйесі» ЖШС мамандарының хабарлауынша, аталған аумақтардың контурында тұратын барлық тұтынушыларды ыстық сумен жабдықтау толығымен сақталатын болады.

Гидравликалық сынақтар қалалық жылу кешенін алдағы жылыту маусымына дайындау шеңберінде жылу желілерінің, олардың жабдықтарының жай-күйін тексеру және құбырлардың проблемалық учаскелерін анықтау үшін жүргізіледі. Уақытша қолайсыздықтарға түсіністікпен қарауды сұраймыз!

Әзірлеген Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

БРИФИНГ

«ТАРИФТІ ИНВЕСТИЦИЯҒА АЛМАСТЫРУ»

қағидасы қалай жұмыс істейді?

Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті басшысы Әсел Бөденееваның қатысуымен баспасөз мәслихаты өтті.

А **Құралай**
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Еске салайық, бағдарлама меншік иелерінің қаражаты есебінен салаға инвестиция тартуды, табиғи монополиялар саласындағы жұмыскерлердің еңбекақысының деңгейін арттыруды, табиғи монополиялар саласына озық инновацияларды енгізуді ынталандыру арқылы одан әрі реттеуді көздейді.

«Тарифті инвестицияға алмастыру» қағидасы бойынша тарифтік саясатты реформалау аясында инженерлік инфрақұрылымды жаңарту жұмыстары басталып кетті.

Бүгінгі таңда тарифтерді өзгертуге және қолданыстағы инвестициялық бағдарламаларды ұлғайтуға жөндеу жұмыстарын ұлғайту үшін инвестиция тарту; аймақтағы орташа салалық деңгей бойынша жұмысшылардың жалақысын өзгерту; иесіз желілер мен жабдықтарды ұстауға жұмсалған шығындарды өтеу бойынша құқықтық негіздер қалыптастырылды.

Әсел Бөденееваның айтуынша, желілердің тозу деңгейі бойынша қызыл аймақта 67,9%-ға дейін тозған «Алматы-теплокоммунэнерго» ЖШС және 92,67%-ға тозған «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ бар.

59,2%-ға тозған «Алматы жылу желілері» ЖШС мен тозу деңгейі 61,5%-ды көрсеткен «Алматы электр станциялары» АҚ сары аймақта болса, сумен қамту деңгейі -56,4% және 57,8% болған «Алматы су» ШЖҚ МКК жасыл аймақта тұр.

«Департамент Энергетика

министрлігімен және Алматы қаласының Энергетика және сумен жабдықтау басқармасымен бірлесіп, «Алматы жылу желілері» ЖШС, «Алматы-теплокоммунэнерго» ЖШС, «Алматы су» ШЖҚ МКК және «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ 2023–2026 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламаларын өзгерту туралы өтініштерін қарады. Берілген өтінімдер негізінде 2023 жылғы 26 мамырда Алматы қаласы бойынша Тарифтік саясат кеңесінің жанындағы Табиғи монополиялар салаларындағы тарифтерді белгілеу жөніндегі өңірлік комиссияның кезекті отырысы өтті», – деді ӨКК спикері.

Ұсынылған шараларды қарау кезінде объектілердегі апатты жағдайлар мен тозу деңгейі, сондай-ақ жөндеу жұмыстарын орындауға дайындық кезеңіне қарай (жобалық-сметалық құжаттаманың, сараптамалық қорытындылардың болуы) сәйкесінше, негізгі құралдардың тозуына әсер етпейтін шаралар алынып тасталды.

Сонымен қатар, инвестициялық бағдарламалар жобалары департаментінің енгізген өзгертулеріне байланысты Энергетика министрлігі мен Алматы қаласының Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының қатысуымен жиналыстар өтті.

Қазіргі уақытта бірлескен бұйрықтар сәйкес мемлекеттік органдарда келісімнен өтуде.

«Алматы электр станциялары»

АҚ да инвестициялық бағдарламасы мен тарифін өзгертуге өтінім береді деп күтілуде. Бұл ретте қосымша тартылған инвестициялардың мақсатты пайдаланылуы есептерді қарау шеңберінде де тексерілетін болады.

Биыл жұмыс жүргізіліп жатқан объектілерге пресс-турлар шеңберінде табиғи монополиялар субъектілерінің инвестициялық бағдарламаларын іске асыру мониторингінә жұртшылық пен мүдделі тараптарды белсенді қатыстыру көзделді.

Айта кетейік, Энергетика министрлігінің ағымдағы жылдың 26 мамырдағы бұйрығымен электр энергиясына шекті тарифтер көтерілген болатын. Электр энергиясы сумен жабдықтау, су бұру, электр энергиясын беру және жылу көздері үшін негізгі стратегиялық тауар болып табылады.

Бүгінгі таңда инвестициялық бағдарламалардағы өзгерістер, стратегиялық тауарлар құнының өсуі, иесіз желілер мен жабдықтарды ұстауға жұмсалған шығындардың орнын толтыру, аймақта орташа салалық деңгейде қызметкерлердің жалақысын өзгерту негізінде тарифті оның қолданылу мерзіміне дейін өзгертуге төрт базалық субъектіден өтінімдер берілді.

Инвестициялық бағдарламалардың өзгеруіне байланысты тарифті өзгерту бойынша Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, бұқаралық ақпарат құралдарының, қоғамдық

бірлестіктердің өкілдерін, тәуелсіз сарапшыларды, тұтынушыларды және қаланың басқа да мүдделі тұлғаларын шақырумен қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Сондай-ақ, тарифтерді өзгертуге өтінімдер жобаларында стратегиялық тауарлар бойынша шығындар, иесіз желілер мен жабдықтарды ұстауға арналған шығындар баптарын және еңбекақы қорын өзгерту қарастырылған.

Жалпы алғанда, жобалар бойынша барлық құрамдас бөліктерді есепке алғанда тарифтердің мәлімделген өсімі жылумен жабдықтау саласында 43%, электр энергиясын беруде 40%, сумен жабдықтау және су тартуда 44%-ды құрайды.

Департамент өз кезегінде, тарифтерді өзгертуге өтінімдердің жобалары Тарифтерді қалыптастыру қағидаларына сәйкес қаралады және тарифтердің негізсіз өсуіне жол берілмейді.

Жалпы, атқарылған жұмыстар Алматы қаласы бойынша негізгі құралдардың тозуын азайтуға, апаттық жағдайларды азайтуға, халыққа қызмет көрсету сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, осы «Тарифті инвестицияға алмастыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде тарифтердің көтерілетінін ескере отырып, халықтың мұқтаж топтарына тұрғын үй көмегінің тетігі арқылы қолдау көрсетілетін болады. Тарифтер 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енеді.

БАЙҚАУ

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында, 2023 жылдың 4 мамырынан 31 мамырына дейін Алматы қаласының Мемлекеттік кірістер департаменті Алматы қаласының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментімен, Алматы қаласы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің департаментімен бірлесіп, Алматы қаласы әкімдігінің, УчетКЗ компаниялар тобының қолдауымен #BIRGEDAMYUSHIN балалар шығармашылығы байқауын ұйымдастырды.

А

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

БАЛАЛАР ЖҰМЫСЫ
БАҒАЛАНДЫ

Балдырғандарға арналған
байқаудың қорытындысы
шықты



Бұл байқауды өткізудің негізгі мақсаты – дарынды балаларды қолдау, отбасына, өз еліне деген сүйіспеншілікті және сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыру, сондай-ақ балаларды салық салу, кеден мәселелеріне бағдарлау болып табылады.

Балалар байқауы аясында 280-нен астам бала сурет салу мен колөнердің түрлі техникасында 300-ден астам көркем-шығармашылық жұмыстар, сондай-ақ Tik-Tok және Vine бейнероликтерін ұсынды, сонымен қатар Аманат балалар үйі, Алатау балалар үйі, №7 арнайы мектеп-интернаты және басқа да мамандандырылған мектептер қатысып, оларға негізгі байқаудан басқа қолдау ретінде жеке қайырымдылық көмек көрсетті.

Байқау жұмыстарының жалпы санының 28%-ы мемлекеттік кірістер органдарының «Салық – болашаққа инвестиция», «Кеден – балалар көзімен», «Чекті талап ет – жүлдені ұтып ал» тақырыптары, 48% Антикордың «Сыбайлас жемқорлықсыз әлем» тақырыбы, ал 24% Мемлекеттік қызмет істері агенттігі департаментінің «Ел болашағы балалардың қолында» тақырыбындағы жұмыстар құрады.

Барлық шығармашылық жұмыстар, суреттер, колөнер және бейнелер балалардың шын көңілдерімен жасалғаны байқалып тұр. Балалар байқаудың арқасында салықтардың маңыздылығы мен бюджетті қалыптастырудың мәселесін, оның мектептер, стадиондар, жолдардың салынуына, жалақы мен зейнетақының бөлінуіне әкелетінін түсініп, чектің қарапайым талабын, сонымен қатар олардың сыбайлас жемқорлықсыз әлемге және гүлденген елдегі жарқын болашаққа деген көзқарастары қалыптасты.

Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздарға велосипедтер, гироскуторлар, скутерлер және басқа да бағалы сыйлықтар, сондай-ақ Құрмет грамоталары табыс етілді.

ЕЛ ҚОРҒАНЫ

ӘСКЕРДЕН ЖАЛТАРУ – АБЫРОЙ ЕМЕС

А

Айнабай
МӘДИ

ҚР Қорғаныс министрі, генерал-полковник Руслан Жақсылықов БАҚ өкілдерінің сауалына жауап берді.

Ол қоғамда «жастарды әскерге күштеп алып кетіп жатыр» деген алыпқашпа пікірге орай былай деді: «Әскерге шақырту науқанына жергілікті атқарушы билік жауап береді. Біз оларды тізіммен қамтамасыз етеміз. Әскерге шақыртудан жалтаратын жастар бар. Әлбетте, азаматтық борышын өтеуден жалтарған адамды заңға сай, шақырту – міндет. Біз заң аясында әрекет етеміз. Қазіргі жастардың ойлау жүйесі өзгешелеу. Шынымен, еліңнің патриоты болсаң, әскерге баруын



керек. Жастардың көбі әскерге барғысы келмей, жалтарып жүреді. Бірақ түнгі клубқа баруға құмар. Денсаулығы түнгі клубтағы көңіл көтеруге жетіп, Отан алдындағы азаматтық борышын атқаруға жетпейтін болғаны ма?», – деді еліміздің Қорғаныс министрі Р.Жақсылықов.

Министр заңда әскерден қашқандарды Қорғаныс департаментіне шешім қабылдау үшін алып кетуді көздейтін норма барын айтты. Жастар нағыз ер азамат болып тәрбиеленуі керек. Бұл әрбірден соң өзінің, отбасының, Отан алдындағы жауапкершілік жүгін сезіну.

Журналистер министрге: «Қазақстан әскері ҰҚШҰ аясында Ресей мен Украина шекарасына бара ма?» деп сауал қойды. Әлеуметтік желілерде осындай қауесет жазылып жатқаны рас. Қорғаныс ведомствосының басшысы Қазақстан Қарулы Күштері «Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт» ұйымы аясында Ресейге бармайтынын мәлімдеді: «Қорғаныс министрі ретінде Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері еліміздің аумағынан шықпағанын толық сеніммен айта аламын. Біз бітімгершілік миссиясын тек Біріккен Ұлттар Ұйымы бағытында ғана іске асырамыз. Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы елдері аумағына әскер жібермейміз, мұндай жоспар болған жоқ».



ТҰЖЫРЫМДАМА

ЖАҢА ИДЕЯЛАР, ЖАҢА ЖОБАЛАР

Қоғам белсенділері не дейді?

Алматыда Қазақстан Республикасының Тіл саясаты тұжырымдамасының баламалы нұсқаларын ұсыну үшін баспасөз конференциясы өтті. Оны ұйымдастырушылар – «Еркін Ел» қоғамдық бірлестігі мен «Қазақ тілі» халықаралық қоғамының Алматы филиалы.

Шараны ұйымдастырушылар «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» жобасын қабылдауды кейінге шегере тұруды, сондай-ақ қазіргі тіл мәселелерін шешудің тиімді жолдарын анықтауды ұсынып отыр. Олардың пікірінше, құжат мәтіні қарапайым техникалық талаптарға сәйкес келмейді. «Тіл саясаты мәселелері бойынша кешенді әлеуметтік және аналитикалық зерттеу» деп аталатын сараптамалардың нақты атаулары жоқ. Сондықтан құжатқа негізделген көптеген статистиканың шығу тегі де, көздері де белгісіз. Өзірлеушілердің немқұрайлы қарағаны соншалық, кейбір интернет сілтемелер өтірік қойылған», – дейді сарапшы Земфира Ержан. Ол концепция жобасының басқа да кемшіл тұстарымен бөлісті. Мәселен, неге шет тілін үйренушілер үшін қолданылатын шкала ана тілінде сөйлейтіндерге қатысты қолданылуы керек? Құжатта тіл саясатын қалыптастыру ғылыми талдау мен негіздеуді қажет ететіндігі туралы түсінік жоқ? Құжатта қазақ тілін ғылымиландыруға қатысты шаралар көрсетілмеген. Тұжырымдама мемлекеттік тілді дамытуға бағытталуы, ғылымға негізделуі керек. Ал философ Қанағат Жүкешевтің айтуынша, тұжырымдамада нақты парадигма

көрсетілгені дұрыс және құжатта ғылыми тілді енгізу үшін ғылыми конференция өткізіліп, осы мәселе жан-жақты талдануы керек.

Сарапшылар құжат жобасына қатысты бұдан басқа да бірқатар ойлармен бөлісті. «Қабылданатын құжаттың негізінде болашақта заңнамалық актілер мен бағдарламалар қалыптасып, еліміздегі тіл саясатын дамытудың негізгі бағыттары жоспарлануға тиіс. Екіншіден, тұжырымдама жобасы мазмұнының ғылыми негізінің жеткіліксіздігі нақты ғылыми зерттеулерге сілтемелер көрсетілмегені әрі сипаттаудың жүйелі түрде қалыптаспағанында болып отыр. Тұжырымдама қазіргі тіл және қоғам саласындағы өзекті әрі әлі күнге дейін шешімін таба алмайтын мәселелерді реттеуге қауқарлы болуы абзал. Тілдік кеңістікті қалпына келтіруге қабілетті тиімді шаралардың ішінде білім беру жүйесіне эпос мәтіндері негізінде мемлекеттік тілді оқытудың жалпыұлттық әдістемесін енгізу. Қоғамдық кеңістіктің, лингвистикалық ландшафтың (көрнекі ақпарат мәтіндері, теле-, аудио-, интернет-жарнама және т.б.) сауаттылығын арттыру мақсатында заңнамалық нормаларды жетілдіру; «тіл полициясы» рөлін атқаратын мемлекеттік құрылымдарды құруды немесе балама ретінде – кәсіби лингвистикалық консультацияның кең жүйесін құруды қарастыру қажет. Тұжырымдама мемлекеттік саясат мақсаттарына, тілдердің құқығын қорғау саласындағы халықаралық нормаларға сәйкес келуі тиіс. Ал 70 беттен асатын мәтінде тек Тілдер комитетінің қызметі туралы егжей-тегжейлі есеп қана берілген. Оның бірінші бөлігінде ведомство іске асырған іс-шаралар мен жобалар туралы жазылған. Екіншісінде, алдағы жеті жылға жоспарланған жұмыстар көрсетілген. Жаңа идеялар мен жоспарлар мүлде жазылмаған».

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Смағұл ЕЛУБАЙ,
жазушы:

МҰҚИЯТ ЗЕРДЕЛЕУ МАҢЫЗДЫ

1989 жылы қабылданған заң ескірді, әлсіреді. Қазір оның ешқандай күші жоқ. Біздің тілдік жағдайымызды жөндеуге мүлде әсер ете алмайды. Шенеуніктердің өзі мемлекеттік тілде сөйлемейтін жағдайға жеттік. Мемлекеттік тіл мәселесі мұқият зерделеніп, тұжырымдамаға енгізілуі керек. Концепцияны жазған адамдар баяғыда 30 жыл қалай жүрдік, әлі де 30 жыл солай жүреміз деген ниетте жазған сияқты. Кеше ғана Оқу-ағарту министрі балабақшаларды қазақшалау туралы шешім қабылдады. Мектепте осыдан кейін тек қазақша оқи алады, қазақ-орыс мектебі дейтін архаизм болуы керек. Мектепті екіге бөлудің керегі жоқ. Мемлекеттік бағдарламамен 10 жыл оқыса орыс та, неміс те, кәріс те қазақша сайрап шығатын болады. Мейлі орысша да білсін. Бірақ алдымен мемлекеттік тілді меңгеруі керек. Ал орыс және қазақ мектебі деп бөліп тастау қоғамды бөліп тастағанмен тең. Егер мектеп пен балабақша тұтас қазақшаланса бұл мәселе он-ақ жылдың ішінде шешіледі. Шенеуніктеріміз заңды дұрыстаса, барлығы жөнделер еді. Республикалық деңгейдегі шенеуніктер, лауазымды адамдар өзара тек орысша «сайрап» отырса ешқандай заң жұмыс істемейді. 100 жыл тепкінің астында болған тілді көтеру үшін үлкен күш, қажырлы еңбек керек.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

Көненің көзіндей,
өмірдің өзіндей

Осы біз кейде барды бағалай білмейтін сияқты көрініміз. Бізде небір талантты адамдар бар. Басқаны айтпағанда, сондай таланттардың ішінде тарих, әдебиет пен өнер адамдары қаншама. Соларды бағалап, соңында қалдырған мұрасын зерделеп, зерттеу – жастардың еншісінде. Мәселен, белгілі тарихшы және лингвист Серікбол Қондыбай. Ғылыми орта болмаса, осы ақадал азаматты көп жұрт біле бермеуі мүмкін. Қазақтың мифтік дүниесін бүгешігесіне шейін зерттеген ғалым осы.

Ежелгі мәдениетімізді зерттеген осы бір азаматымыз өмірден ерте өтсе де, артына талай мұра қалдырды. Быыл Алматыда осы азаматтың мол ғылыми мұрасына арналған конференция өткені де есте. Францияда қазақ халқының аңыздары сандық (цифрлық) суретпен ұсынылғанына қатты қуандық. Парижде алматылық Жәния Елубаева алғашқы жеке экспозициясын ашқан.

Суретші халқымыздың аңызға айналған тұлғаларын ертегі әлеміндегі иллюстрация стилінде көрсетіпті. «Мифологиялық бөлім келушілерге өте қатты ұнайды. Өйткені, бәріміз суретке қарап қиялдауды жақсы көретініміз рас. Көргіміз келген нәрсені байқаймыз» деген Жәнияның сөзінде ерекше мән бар.

Белгілі тарихшы, лингвист С.Қондыбайдың зерттеуінен шабыт алатын Жанар қарындасымыз өз еңбегінде өткен тарихымыз бен заманға сай өмір салтымызды ерекше ұштастыра бейнелеген. Жерлесіміздің өнері француз жұртшылығының көңілінен шыққаны қуантады. Көненің көзі көз алдымызға келгендей көрініс. «Алмас қылыш қын түбінде жатпас» дегенді қазағым бекер айтпаған-ау.

А.ҚЫДЫР.

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметінің ұйымдастыруымен БАҚ өкілдері арасында Қазақстан Республикасының пошта байланысының ұлттық операторы – «Қазпошта» АҚ-на баспасөз туры өтті. Қалалықтардың дер кезінде хат-хабар алуына сеп болып жүрген пошта қызметінің қыр-сырын біліп қайттық.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА



Хат-хабар және пошташы

Журналист мамандығын «ауыстырады»

Елдегі байланыс жүйесінің маңызды мекемесіне жасаған саяхат барысында журналистер Алматы пошташыларының жолымен жүріп, пошталық жөнелтілімдерді, газет-журналдар мен хабарламаларды пошташыға сеніп тапсырылған бөлімшеде орналасқан адресаттарға жеткізуге барды. Алдымен «Қаз-пошта» Бас пошта ғимаратында пошташы поштаны жинап, сұрыптаудан өткен пошталық жөнелтілімдерді жүйеге енгізді. Пошта қызметкері бір күндік жұмысы туралы айтып, қызметінің қызықты тұстарын айтып берді. Хаттар мен пошталық жөнелтілімдерді тиісті орынға жеткізу кезінде қиындық туындамас үшін пошта ашықхаттарын қалай дұрыс толтыру керектігі туралы кеңес берді.

Пошта қызметі басқа салаға қарағанда ерте басталады екен. Мұндағы мақсат – тұрғындар үйінен шығып кетпей тұрғанда тиісті тапсырысын жеткізіп беру. Халық хат-хабарын аманаттайтын пошташы аязда да, аптап ыстық та жаяу жүреді.

Хаттарды, пошталық карта-ларды, мерзімді басылымдарды, хабарламаларды, сотқа шақыру-ларды, атқарушылық бұйрықтар мен нотариус өкімдерін жеткізу – пошташының күнделікті міндеті. Пошташының жұмыс күні ерте, пошта жөнелтілімдерін жеткізетін бағыттары бойынша реттеуден басталады. Газет-журналдарды көшелер мен үйлер бойынша топтастырып, хаттар мен хабарламаларды сұрыптайды. Жұмыс күнінің соңында пошташы жеткізу бойынша есеп дайындайды. Пошташының міндеті аса күрделі емес сияқты көрінуі мүмкін, бірақ есте сақтау қабілеті жақсы болуы қажет, жергілікті мекенжайларда дұрыс бағдар жасай алуды, жауапкершілік пен ұқыптылықты талап етеді.

Біз барған «Қазпошта» пошта бөлімшесінің 76-бөлімінде 29 пошташы жұмыс істейді. Қызметкерлердің жалпы саны 50-ден асады.

Өмір бойы осы салада қызмет

етіп келе жатқан Алимаш Оразқызының айтуынша, пошташының жұмыс күні таңертең сағат 7-де басталады.

«18 жасымнан бері пошта қызметкерімін. Зейнетке шығуыма 3,5 ай қалды. Кейде келген хаттардың мекенжайы дұрыс болмайды. Аты-жөндері арқылы мекенжайын іздейміз. Тіпті, кейбірі мекенжайды мүлде жазбайды. Қайдан, қайда келгені белгісіз хаттар келсе, көрсетілген телефон нөміріне хабарласып немесе карта арқылы анықтаймыз. 42 жыл жұмыс тәжірибемде қиыншылығына үйреніп кеттім. Жұмысым өзіме ұнайды», – дейді ол.

Пошташылар хаттарды мекенжайға жеткізу үшін арнайы сұрыптап, компьютер арқылы нақты мекенжайды анықтап береді. Анықталған мекенжайға жеткізетін пошташылардың да еңбегі ерен. Күннің ыстығына қарамастан халықтың хат-хабарын жеткізуге аттанған пошташы түрлі жағдайға тап болуы мүмкін.

ЖӘРМЕҢКЕ

«Еңбектің
наны тәтті»

Алматы қаласының Медеу ауданында жастарға арналған Career DAY бос орындар жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Осылайша қолынан іс келетін, епті жастар жұмыспен қамтылады.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Алматыдағы Орталық мәдениет және демалыс саябағында MEDEU – CAREER DAY бос орындар жәрмеңкесі мен кәсіптік бағдар беру фестивалі өтті. Бұған дейін Жастар саясаты басқармасы маусым айында 8 ауданның әрқайсысында мансап күндерін өткізуді бастаған болатын.

Іс-шара «мансап күндері» жобасы аясында өткізілді. Оны Алматы қаласының Жастар саясаты басқармасы аудандық әкімдікпен және Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасымен бірлесіп ұйымдастырды.

Мансап күнінің міндеті – жастарды жұмыспен қамтамасыз ету және оқыту мүмкіндіктерін біріктіру. Іс-шараға 200-ден астам компания, 40-тан астам жоғары оқу орындары мен колледждер, сондай-ақ жастарға мансап құру мәселелерінде кеңес берген белгілі мотивациялық спикерлер мен кәсіптік бағдар беру мамандары қатысты.

Іс-шараға жұмыссыз жастар, ЖОО, колледждер мен мектептердің түлектері – барлығы 4,5 мыңнан астам жас қатысты.

«Бүгін біздің алдымызға NEET санатындағы жастар санын қысқарту міндеті қойылды. Ол Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға

дейінгі бағдарламасында көрсетілген. Бағдарлама аясында 2023 жылдың соңына дейін 10 мыңнан астам жасты жұмысқа орналастыруды жоспарлап отырмыз. Ол үшін жыл басынан бері қалалық мансап орталығы іске қосылды, ол жастарды жұмысқа орналастыруда мүдделі құрылымдардың күш-жігерін тұрақты негізде біріктіреді. Сондай-ақ, бірыңғай коммуникациялық кеңістік негізінде цифрландыру басқармасымен бірлесіп, жастар үшін бос жұмыс орындарының агрегаторы болып табылатын «Jobfair 365» цифрлық порталы әзірленді. Сонымен қатар, жас мамандардың құзыреттілігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін өзекті мамандықтар бойынша курстар іске қосылды», – деді Жастар саясаты басқармасының басшысы Қайыржан Мемдіғалиев.

Жастар үшін белгілі спикерлер мен кәсіби бағдар берушілерден: Альмира Тұрсын, Балгерей Айғали, Серіков Біржан, Оболонкова Ксения, Азамат Аскар, Миржан Ибрагимовтің шеберлік сыныптары өтті.

P.S. Алматыда 682 мың жас тұрады. Қаланың жоғары оқу орындары мен колледждерінде 255 мыңнан астам студент оқиды. Келесі мансап күні Наурызбай ауданында 13 маусымда өтеді.



«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері
сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

АЗАМАТТАР МЕН ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ МАҚСАТЫНДА ПРОКУРАТУРАҒА ЖҮГІНУ МЕХАНИЗМІН, СОНДАЙ-АҚ ЖОҒАРЫ ТҰРҒАН ПРОКУРАТУРАҒА НЕМЕСЕ СОТҚА ШАҒЫМДАНУ ТӘРТІБІН ТҮСІНДІРУ

Прокуратура органдарының жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимылының маңызды құралдарының бірі – өтініштер. Бұл жеке және заңды тұлғалардың өз құқығын, бостандығы мен заңды мүддесін қорғаудың маңызды институттарының бірі болып табылады. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қараудың рәсімдері 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI ҚРЗ санды Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексында (бұдан әрі – Кодекс) нақты регламенттелген.

Кодексте белгіленген тәртіппен берілген жолданым міндетті түрде қабылдануға, тіркелуге, есепке алынуға және қаралуға жатады. Өтінішті қабылдаудан бас тартуға тыйым салынады.

Өтініштер мемлекеттік органға, жергілікті өзін-өзі басқару органына, мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлғаға берілген жағдайда арыз несіне күні мен уақыты, өтінішті қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, лауазымы көрсетілген бірегей нөмірі бар талон беріледі.

Өтініш келіп түскен күні тіркеледі. Егер өтініш жұмыс істемейтін күні келіп түскен болса, онда ол жақын уақыттағы жұмыс күнімен тіркеледі.

Жалпыға қолжетімді ақпараттық жүйелер бойынша келіп түскен және Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін өтініштер Кодексте белгіленген тәртіппен қаралуға жатады.

Өтініш Кодекстің 63-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, әкімшілік орган, лауазымды адам арыз несіне жүгіну қандай талаптарға сай келмейтінін көрсетеді және оны талаптарға сәйкес келтіру үшін ақылға қонымды мерзімді белгілейді.

Егер арыз несі өтінішті әкімшілік орган, лауазымды адам белгілеген мерзімде Қазақстан

Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келтірмесе, әкімшілік орган, лауазымды адам оны қайтарады.

Өтінішті қайтару қайта жүгінуге кедергі келтірмейді.

Арыз несі әкімшілік іс бойынша шешім қабылданғанға дейін өтінішті өзінің жазбаша арызы негізінде кері қайтарып ала алады. Арыз несінің өтінішті кері қайтарып алу мерзімдер сақталған кезде, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, оны қайта өтініш беру құқығынан айырмайды.

Кодекстің 91-бабына сәйкес әкімшілік рәсімге қатысушы әкімшілік актіні қабылдауға байланысты әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасауға құқылы.

Прокуратура органдарында жеке қабылдау тәртібін түсіндіру

Мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары және олардың орынбасарлары тиісті мемлекеттік органның басшысы бекітетін қабылдау кестесіне сәйкес айына кемінде бір рет азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы органдардың қызметкерлерін жеке қабылдауды жүргізуге міндетті.

Қабылдау белгіленген және жеке және заңды тұлғалардың назарына жеткізілген күндер мен сағаттарда жұмыс орны бойынша өткізілуге тиіс. Егер өтінішті лауазымды адам қабылдау кезінде шеше алмаса, ол жазбаша нысанда баяндалады және онымен жазбаша өтініш ретінде жұмыс жүргізіледі.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Бас Прокуратура-сының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Алматы қаласы бойынша басқармасы (бұдан әрі – Комитеттің Алматы қаласы бойынша басқармасы) Бөгенбай батыр көшесі, 145 мекенжайында орналасқанын хабарлаймыз.

Комитетінің Алматы қаласы

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

2023 жылдың 2-жартыжылдығына арналған жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы тұрақты оқырмандар мен газетке жаңадан жазылып жатқан жазылушылар үшін дәстүрлі «Жазыл да, ұтып ал!» байқауын жариялайды. Байқау барысында бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

Алдымен газетке жарты жылға жазылғаныңыз жөніндегі түбіртек-ті рәсімдеуіңіз қажет.

2023 жылдың 13 шілдесіне дейін редакцияға жазылымның көшірмесін конвертке «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгімен жіберіңіз. Редакция мекенжайы: ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко к-сі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), каб. №21, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03 немесе сканерленген жазылым билетін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электрондық мекенжайына жіберіңіз!

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңіз, мекенжайыңызды және телефон нөміріңізді көрсетуіңіз қажет.

Қайда жазылу керек?

«Қазпошта» АҚ, «Еуразия пресс» агенттігі ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық пошта бөлімшесінде.

2023 жылға арналған жарты жылдық жазылым бағасы:

Жеке жазылушылар үшін (жазылу индексі 65503) – 3603 теңге.

ҮОС қатысушылары, зейнеткерлер, мүгедектер және көпбалалы аналар үшін жеңілдік (индексі 95503) – 2643 теңге.

Ұтысқа тек жарты жылдық жазылымды рәсімдеген жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойыны 2023 жылғы 14 шілдеде «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында конкурстық комиссия мүшелері мен тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімдері газеттің 2023 жылғы 20 шілдедегі санында жарияланады.

Сәттілік тілейміз, құрметті оқырман!

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Комитеттің Алматы қаласы бойынша басқармасының жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесі (тел: 8 (727) 272-86-34).

Басшылар	Лауазым	Апта күні	Қабылдау уақыты
Арап Абай Сейдірұлы	Комитеттің Алматы қаласы бойынша басқармасының бастығы	дүйсенбі – жұма	09.00 – 18.30
Есмағамбетов Жанара Кәріпбайқызы	Комитеттің Алматы қаласы бойынша басқарма бастығының орынбасары	дүйсенбі – жұма	09.00 – 18.30
Құлбаев Ербол Сәрсенбекұлы	Комитеттің Алматы қаласы бойынша басқарма бастығының орынбасары	дүйсенбі – жұма	09.00 – 18.30
Усенбаев Бахыт Нурланович	Комитеттің Алматы қаласы бойынша басқармасының бөлім бастығы	дүйсенбі – жұма	09.00 – 18.30
Баймолдаев Мейірбек Ергалиұлы	Комитеттің Алматы қаласы бойынша басқармасының бөлім бастығы	дүйсенбі – жұма	09.00 – 18.30
Жауапты қызметкер Мамырбекова Айжан Алибекқызы	Комитеттің Алматы қаласы бойынша басқармасының ұйымдастыру – кадр жұмысы жөніндегі аға прокуроры	дүйсенбі – жұма	09.00 – 18.30

Түскі ас уақыты
13.00 – 14.30

бойынша басқарма басшылары, жеке және заңды тұлға өкілдерін қабылдау бекітілген кестеге сәйкес жүргізіледі.

Пенитенциарлық мекемелерінде орналасқан терминалдар арқылы сотталғандарға өтініштер беру механизмін түсіндіру (Бекітудің 6-тармағы)

Пенитенциарлық мекемелерінде сотталғандардың өтініштерін қабылдау регламенті Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 17 қарашадағы №819 бұйрығымен айқындалады.

Сотталған адам қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес өтініш жолдағысы келсе, ол мұны тек өз атынан жасай алады.

Егер өтініш сотқа, прокуратура

органдарына және басқа да мемлекеттік органдарға жолданса, онда оны сотталғандар электрондық өтініш беру терминалы арқылы электрондық құжат түрінде жібере алады.

Сотталғандар үшін терминалды пайдалану мүмкіндігі күн сайын, белгіленген кесте мен күн тәртібіне сәйкес жасақтар бойынша беріледі.

Өтінішке келіп түскен жауап сотталғанға қолхатпен үш жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі және оның жеке ісіне қоса тіркеледі.

ҚР БП Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Алматы қаласы бойынша басқармасы.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.

e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Рая ЕСКЕНДІР


Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.

ӘЛЕУЖЕЛІ ӘЛЕМИ

ЖҮЗІМГЕ ЖАСАЛҒАН «ОТА»



Израильде жас хирургтар кәдімгі жүзімге тігіс салып үйренеді екен.

Бір тал жүзімге жасалған тігіс ұқыпты, шырыны сыртқа ағып кетпейтіндей, біркелкі әрі әдемі түсуі керек. Бұған, әрине, өте көп еңбек, қырағылық, сабыр, төзім, шеберлік, асқан ептілік, нәзіктік керек екені айдан анық.

Ота жасауға машыктанып жүрген жас мамандар саусақтарын осылай жаттықтыратын көрінеді. Кіп-кішкентай ғана жүзімді суын шығармай тігіп үйренген жас хирург нағыз кәсіби маман болып шыға келеді сосын. Дәл сын сағатта, операция үстеліне тұрған кезінде қолы қалтырап тұрмас үшін бұл керек тәжірибе секілді. Біздің медиктерге де осындай тәжірибе енгізсе қалай болар екен.

ШВЕДТЕР ШЫЛЫМ ШЕКПЕЙДІ

Биылғы зерттеу бойынша, Швецияда шылым шегушілердің саны халықтың 5%-ын ғана құраған.

Бұл – рекордтық көрсеткіш. Бірақ жергілікті билік темекінің орнын басатын балама түтінсіз құралдарды тұтынуға, сатуға шектеу қоймаған. Яғни шведтер біраздан бері түтінсіз темекі өнімі – снюсты қолданып келеді.

Ал ДДСҰ дәл осы нәтижеге жеткен (5%-ға) елдерді ғана «темекі түтінінен азат елдер» қатарына қосады. Еуропалық Одақ өзінің барлық мүше мемлекетінің алдына 2040 жылға қарай «темекі түтінінен арылу» міндетін қойып отыр.

ДДСҰ мәліметінше, темекі шегушілердің жартысын темекі өлтіреді. Биылғы дерек бойынша, ең көп темекі тартатын елдер санатында тұрғандар – Науру (тұрғындарының 52,1%-ы шылымқор), Кирибати, Тувалу, Мьянма және Чили. Ал ең аз шегетіндер – Гана, Эфиопия және Нигерия тұрғындары.



ШАШ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?



Әр тал шаш күніне шамамен 0,35 миллиметр өседі. Жылына 12 сантиметрге ұзарса, сонда өмірінің соңына дейін 7,6 метрді құрайтын көрінеді.

Бір шаштың өзі 100-ден 200 грамға дейінгі салмақтағы затты ұстап тұруға қауқарлы. Шаш көбіне көктем мен жазда тез өседі екен.

Баланың шашы анасының құрсағында жатқанда-ақ өсе бастайды. Шамамен, жүктіліктің 4-ші айында шарананың басына шаш шығады екен. Шаштың қалың, жұқа немесе бұйра болуы адамның тегінен. Шашымыз түсіп, жұқарып қалса, бұл тамақтану және өмір сүру салтымызға байланысты болады екен.

ДНҚ-ны анықтау үшін адамның шашын да пайдаланатынын білеміз. Иә, шаш шынымен де генетикалық ақпарат беретін элемент. Ол арқылы туыстықты анықтауға немесе әлдебір қылмысты ашуға болады. Анализ үшін қиып алынған шаш жарамайды, түбінен жұлу керек. Өйткені, ДНҚ шаштың түбінде, өзегінде болатын көрінеді, кемінде бес талын түбінен жұлып алу жеткілікті деседі.

Әзірлеген Нұржамал ӘЛІШЕВА.

ЕЗУТАРТАР

БАЛА ТІЛІ – БАЛ



БЕЛДІК

– Анашым, шөлдеп кеттім, су әкеп беріңізші.
– Тұр да, өзің алып іш, жұмыс істеп отырмын.
– Анашым, өтінем, әкеп беріңізші.
– Ойымды бөле беретін болсаң, эне, әкеңнің белдігін көрдің бе?..
– Белдікті алуға барғанда су да әкеле салыңызшы онда...

БҰЗЫҚ

Мұғалім бұзық оқушысының үйіне келді.
– Анаң қайда?
– Жұмыстан әлі келген жоқ.
– Әкең ше?
– Ол да сізден тығылып қалған.

ҮЙЛЕНЕМ

Төрт жасар Аскар теледидар көріп отырған әкесіне жүгіріп барды.
– Әке, мен үйленем деп шештім.
– Тамаша! Кімге?
– Әжеме! Ол мені жақсы көретінін айтты, мен де оны қатты жақсы көремін. Ол кісі маған дәмді тағамдар пісіріп береді. Күшті ертегілер айтады.
– Әженді жақсы көретінің қандай тамаша! Бірақ бір мәселе бар...
– Ол қандай мәселе?
– Әжен... ол кісі менің анам ғой. Менің анама үйлене алмайсың, балам!
– Неге үйлене алмаймын?! Сен өзің менің анама үйлендің емес пе?

ВЕЛОСИПЕД

– Кеше сабаққа неге келмедің?
– Ағам аздап сырқаттанып қалды.
– Оған сенің не қатысың бар? Әлде, ағанды сен емдедің бе?
– Жоға, мен оның велосипедін тептім.

СҰРАҚ

Бес жасар Азамат әкесінің төбені сырлап жатқанына қызыға қарап тұр.
– Балам, карап, үйреніп ал. Кейін өскенде әкене көмектесесің, – деді анасы.
– Мен өскенше әкем сырлап бітпей ме, сонда? – деді кішкентай Азамат таңқалып.

КӨРШІ

– Құлыным-ау, көршінің үйіне күнде бара бермесеңші, онсыз да өзінің бес баласы бар, сені жақтыра қоймас.
– Жоқ, анашым, жақтырады. Мен барғанда «кел, келе ғой, сен жетпей тұр едің» дейді апасы ылғи.

АҚЫЛДЫ

Баласы қайта-қайта бұзықтық жасап, мектепке жиі шақырыла беретін әкесі баласына қарап:
– Сен дәу жігітсің, енді ақылды бол, балам! Сенің бұзықтығыңды көтерем деп, шашым да ағарып барады. Әкеңе жаның ашыса, енді ақымақ болмашы, жарай ма, – деді. Сонда ұлы:
– Бәсе, атамның шашы неге аппақ десем, атама жаныңыз ашмаған екен ғой, – деген екен.

Нұр ЖАМАЛ.

ЖҮЛДЫЗ-ЖОРАМАЛ (10-17 МАУСЫМ)

ТОҚТЫ (21.03-19.04)

Алдағы аптадада өзіңізді ұсақ-түйек шаруалармен шаршатпауға тырысыңыз. Жаныңызға жақпайтын істерге кіріспегеніңіз абзал, кейбір адамдарға «жөк» деп айтудан қорықпаңыз. Апта соңына қарай отбасына көңіл бөліп, ешбір алансыз демалудың сәті түседі.

ТОРПАҚ (20.04-20.05)

Келер аптада алға қойған максаттарыңызға жету үшін сізде жаңа ұмтылыс пайда болып, қуатыңыз артады. Тек күмәнді ойлардан арылып, батыл әрекет ету керек. Бірақ еш мойымаңыз, айналаңыздағы адамдармен жақсы қарым-қатынаста болған дұрыс.

ЕГІЗДЕР (21.05-21.06)

Сіз армандаған дүниеге қол жеткізе аласыз және оған көп күш жұмсаудың қажеті жоқ. Егер сіз өз ұстанымдарыңызға берік болсаңыз, онда сіздің жоспарларыңыз жүзеге асады. Сіз көп нәрсеге қол жеткізе аласыз, сіздің әл-ауқатыңыз артады.

ШАЯН (22.06-22.07)

Бұл аптаны жаңа ақпарат пен білім алу үшін пайдаланыңыз. Айналаңызда не болып жатқанына мұқият назар аударыңыз. Жөнсіз ашуланбауға, төзімді болуға тырысқан жөн. Жұма күні достарыңызбен кездесу немесе романтикалық кеш өткізуге өте қолайлы.

АРЫСТАН (23.07-22.08)

Арыстандар алдағы аптада ерекше арманшыл болады. Басты назарыңызды өз ісіңізге аударыңыз, сонда армандарыңызға бір қадам жақындайсыз. Сізге әрдайым достарыңыз қолдау білдіреді. Демалыс күндері қала сыртында жақсы ортада уақыт өткізу, пикникке шығу сізге мол пайдасын тигізеді.

БИКЕШ (23.08-22.09)

Дәл қазір сіз тыныштықты, оңаша болуды қалайсыз. Қызметте, жеке кәсіптегі ұстанымдарыңыз сізді алға сүйрейді. Аптаның ортасы сіздің материалдық әл-ауқатыңыздың жақсаруына аса қолайлы.

ТАРАЗЫ (23.09-23.10)

Алдағы күндері көңіл күйіңіз жақсы болса, жоспарланған істеріңіздің бәрі жүзеге асады. Сіздің кәсіби қызметіңізде де, жеке өміріңізде де сәттілік серік болады. Бейсенбі күні жақын адамыңызбен ашық сөйлесу үшін қолайлы сәт туады.

САРЫШАЯН (24.10-22.11)

Келер апта ақшаға, махаббатқа және жағымды кездесулерге жомарт болуға уәде береді. Жаңа нәрсені игеруге кіріскен жөн, бұл сіздің көкжиегіңізді де, мүмкіндіктеріңізді де кеңейтуге мүмкіндік береді. Көптен күткен сұрақ ақыры шешіліп, бір жеңілдеп қаласыз.

МЕРГЕН (23.11-21.12)

Бұл апта өте жақсы, қалыпты өтуге уәде береді. Сіз күдеріңізді үзген қарым-қатынас жақсаруы мүмкін. Жұмыста бұрыннан ойластырылған жоспарлар мен жобалар жүзеге асырыла бастайды. Сіздің іскерлік қабілетіңіз айналаңыздағылардың жігерін оятады.

ТАУЕШКІ (22.12-20.01)

Жайлы демалыстан соң қалыпты жұмыс аптасы басталады. Өзіңізге көбірек көңіл бөлуге тырысыңыз. Сіздің көзқарасыңыз өзгеретін кезең келді, сіздің тағдырыңызға әсер ететін рухани құндылықтарды қайта бағалауыңыз мүмкін.

СУҚҰЙҒЫШ (21.01-18.02)

Ескі стереотиптерге жабысып қалмай, өзіңізде бір нәрсені өзгертуге тұрарлық сәт туып тұр. Өзіңіздің түйсігіңізге жүгініңіз, ішкі даусыңызды тыңдаңыз және өмірде қай бағытта және кіммен жүргініз келетінін түпкілікті шешіңіз. Демалыс күндері сізде жеке өмірді жақсартуға деген құштарлық болуы мүмкін.

БАЛЫҚТАР (19.02-20.03)

Дүйсенбі мен сейсенбіде күнделікті міндеттеріңізге назар аударғаныңыз жөн, жаһандық максаттар қоюға тырыспаңыз. Бейсенбі басшыларыңызға жұмыс істеу және бастама көтеру қабілетіңізді көрсету үшін қолайлы.

Әзірлеген Айнұр СЕНБАЕВА.